zangazet@mail.ru

№72 (3397) 10 қыркүйек 2021

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАСПАНА БАҒАСЫ БАҚЫЛАУСЫЗ ҚАЛДЫ

Алматыда қаншама тұрғын үй бой көтеріп жатса да, баспана мәселесі әлі қазақтың басты арманы болып тұр. Сұраныс болған соң сатылатын да, жалға берілетін де пәтердің құны жоғары. Әсіресе, биылғы жаңа оқу жылы қарсаңында баға шарықтап кетті. Оған пандемияның да әсері бар. Жоғары оқу орындары жатақханадағы бір бөлмеге екі студенттен артық орналастырмау туралы шектеу қойған соң, пәтер іздеушілер қатары студенттермен толықты. Статистикаға сенсек, қыркүйек айының қарсаңында Алматыдағы жалдамалы пәтер бағасы 30%-40%-ға қымбаттаған.

(Соңы 3-бетте)

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ЕСЕБІ ЖОҚ ПА?

3-бет

ЕРТЕ ҮЗІЛГЕН ЖАУҚАЗЫН

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Сәт ТОҚПАҚБАЕВ, генерал-полковник:

«ЕЛ ТАҒДЫРЫ ҮШІН ӘР ҚАЗАҚ ЖАУАПТЫ»

– Сіздің өмір тарихыңызға қарап отырсақ, колхоз жұмысшысынан бастап генерал-полковник шеніне дейінгі үлкен тәжірибе мектебінен өтіпсіз. Қарапайым ауыл азаматы мұндай биікке қалай жетті? Сізге не көмектесті? Тәрбие ме, орта ма, мақсат жолындағы табандылық па? Жалпы бала Сәт қандай еді?

– Бала кезімде қайтсем де барлаушы болам, органда қызмет етемін деген арманға ұмтылыс болды. Әлі есімде, анам таңғы сағат бес жарымда тұрып, біздің тамағымызды дайындап бергеннен кейін қызылша алқабында жұмыс істейтін.

(Соңы 5-бетте)

ҚР СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНА – 25 ЖЫЛ

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫ ОРТАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҮНДЕУІ

Құрметті әріптестер!

2021 жылдың желтоқсанында біз Қазақстан Республикасы Судьялар одағының құрылғанына 25 жыл толуын атап өтуді жоспарлап отырмыз. Өздеріңіз білетіндей, бұл тарихи оқиға 1996 жылғы 19 желтоқсанда Алматы қаласында өткен судьялардың I съезінде орын алды. Съезд делегаттары сол кезде өзін-өзі басқаратын судьялар қауымдастығы органының қажеттілігі туралы идеяны бірауыздан қолдаған болатын.

Съезд республикалық қоғамдық бірлестік құру туралы қаулы, жарғы, Судья әдебі кодексін, филиалдар туралы ережені қабылдап, мақсаттар мен міндеттерді айқындап, кәсіби мүдделерді қорғауды Судьялар одағы қызметінің басты бағыты деп белгіледі. Ұйымның қуатты біріктіруші әлеуеті отандық сот жүйесін дамытатын іргетасқа айналды, судьялардың кәсіби ынтымақтастығы мен тұтастығын нығайтуға ықпал етті.

Өткен 25 жыл ішінде Судьялар одағының 8 съезі өтті, олардың әрқайсысы жаңа кезең үшін бағыт-бағдар берді, өзіндік тәуелсіз сот жүйесінің даму тұстары мен құрылым бағыттарын айқындап, қалыптасқан дәстүрлерді, ұрпақтар сабақтастығын, тәжірибені нығайтты. Тәжірибе көрсеткендей, судьялар съезі – бұл таяудағы төрт жылға арналған іс-қимыл стратегиясы мен басымдықтары ғана емес, сондай-ақ, сот төрелігін іске асырудың аса сезімтал салаларындағы жүйелі проблемалар мен кедергілер туралы ашық әңгіме. Әрбір съездің қорытындысы бойынша нақты және ақылға қонымды заңнамалық нормалар мен ережелерді құру бойынша шаралар қабылданады, сот ісін жүргізуді ұйымдастыруға қатысты тәртіп енгізіледі, судьялардың ар-намыс және мінез-құлық кодексінің, кәсіби этикасының қағидаттары әзірленеді.

(Соңы 2-бетте)

ОЙТАЛҚЫ

РИЭЛТОРЛАР ЖҰМЫСЫН ҚАДАҒАЛАУ МҮМКІН БЕ?

Сұраныстың артуына орай баспана жалдау ақысы шарықтап кетті. Студенттер қалтасы көтермесе де амалсыздан хостел жағалап, бірнешеуі бірігіп пәтерді жалдауда. Бағаны қолдан көтеріп, нарықта хаос тудырып, алаяқтық әрекеттерімен халықты тағырыққа тіреп отырған риэлторларды тәртіпке шақыра аламыз ба?

Мақсат ХАЛЫҚ, экономист:

– Шынымен бұл мәселе қатты ушығып кетті. Өзім де жоғары оқу орнында ұстаз болғандықтан, осы мәселеге қатты алаңдаймын. Аймақтардан келген студенттер жататын жер таппай сандалып жүр. Пәтер бағасы былтырғымен салыстырғанда екі есеге дейін артып кеткен. Сондықтан негізсіз өскен пәтер бағасына бақылау керек.

Атап өтер жайт, баспана мәселесін шешу үшін мемлекет тарапынан қаншама бағдарламалар жүзеге асып жатыр. Жыл сайын салынатын үйлердің көлемі де ұлғаюда. Алайда, баспана мәселесі шешілудің орнына, күннен-күнге күрделеніп барады. Сондықтан бұл мәселеге мемлекет араласып, нағыз мұқтаждардың үйлі болып, риэлторлардың заңсыз әрекетіне тосқауыл қойылса дейміз. Негізі елімізде бағаны қадағалайтын монополияға қарсы комитет жұмыс істейді.

Сапарбай ЖҰБАЕВ, экономист:

– Негізі жыл сайын студенттердің алып мегаполиске келуімен бірге, жалдамалы пәтер бағасы да көтерілетін. Биыл студенттер қатарының жылдағыдан көп болуы бағаның да жылдағыдан анағұрлым өсуіне ықпал етті. Екі бөлмелі пәтердің жалдау құнын 250-280 мың теңгеге көтеру шынымен де нарықтың бақылаусыз қалғанын көрсетеді. Қымбатшылық сұраныстың көптігінен орын алып отыр. Мұндай қаржыны қалтасы көтермейтін студенттер қазір 7-8 баладан бірігіп пәтер жалдауда. Ал бір бөлмеге тығылған балалардың денсаулығына кім жауап береді?! Сондықтан әрбір ЖОО өз студенттерін өздері қамтамасыз етуді мойнына алуы керек. Ата-анаға оқудың құны да аз салмақ емес. Оған пәтер бағасы қосылса не болмақ?

Осыған дейін баспана бағасының өсуіне сарапшылар пандемияны, зейнетақы қорындағы қаржыны пайдаланушылардың артқанын сылтау етіп келді. Енді баспананың қымбаттауын құрылыс материалдары бағасының өсуімен байланыстырып жатыр.

(Соңы 3-бетте)

ҚР СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНА – 25 ЖЫЛ

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫ ОРТАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҮНДЕУІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Судьялар одағы бүкіл судьялар корпусының күш-жігерінің арқасында бүгінде елімізде және шетелдік судьялар қауымдастықтары арасында танымал кәсіби қоғамдастықтың бірі болып табылатынын мойындау керек. І съезде қабылданған жақсы бастаманы біз тәуелсіз Қазақстанның жетекші және беделді кәсіби қоғамдастығы болу үшін одан әрі дамытуға шақырамыз.

Судьялар одағының 25 жылдығы – бұл аталған оқиғаның маңыздылығын ұғынуға, өткен жолды бағалауға, сот жүйесінің жетістіктерін көрсетуге және міндеттерді белгілеуге мүмкіндік береді. Судьялар одағының Орталық кеңесі одақтың 25 жылдығын мерекелеу туралы қаулы қабылдап, мерейтойға дейінгі кезең маңызды әрі қызықты істермен, әлеуметтік жобалармен және пайдалы іс-шаралармен ерекшеленеді деп үміттенеді. Судьялар одағы филиалдарының және өңірлердегі судьялар ұжымдарының қолдауы осы бастаманың кепілі болып табылады.

Ауадай қажет оптимизм, жақсы іскерлік көңіл-күй, жағымды эмоциялар, игі істер мен болашаққа деген сенім қазіргі психологиялық қиын кезеңде бәріміз үшін өте маңызды. Аға ардагер әріптестерімізге назар аударып, жас судьялардың қалыптасуына көмектесіп, тәжірибелерімізбен бөлісіп, жетістіктеріміз бен бірлігімізді көрсете білейік. Тарихтың тамаша бір бетін жауып, жаңасын ашу үшін өміріміз бен денсаулығымызға көңіл бөле отырып, осы мерейтойды абыроймен өткізейік!

Сәкен АБДОЛЛА,
Қазақстан Республикасы Судьялар одағының төрағасы

ОҢ ҚАДАМ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ҚОЛДАНЫСТА

Қазақстан – Орталық Азиядағы экономикасы ең ауқымды әрі сот-құқық саласы дамыған іргелі ел болып саналады. Екі жылға жуық уақыттан бергі пандемия зардабына қарамай, даму мен алға қойылған мақсаттар орта жолда қалған жоқ. Сот-құқық қорғау жүйесінде елеулі өзгерістер басталды. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап әкімшілік әділет жүйесі енгізілді.

Қазіргі уақытта жаңадан ашылған әкімшілік сот пен аудандық, қалалық соттарда әкімшілік талап-арыздар жаңа кодекс шеңберінде қаралуда. Азаматтар жаңа заңның артықшылығын байқап отыр. Мысалы, енді азаматтар сотта өз талабының дұрыстығын дәлелдеп жатпайды, қайта дәлелдеу ауыртпалығы мемлекеттік органға жүктеледі. Тараптарға татуласу мүмкіндіктері де ұсынылады. Әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады.

Әрине жаңа заңды қолдануда, әкімшілік істерді қараудың бірыңғай практикасы қалыптасқанға дейін түрлі қиындықтар болатыны да белгілі. Қазір сотқа түсіп жатқан талап арыздардың көпшілігінде сотқа дейінгі шағым беру тәртіптері сақтала бермейтіні анықталып отыр. Десе де, судьялар өзара талқылаулар, семинарлар мен басқосулар өткізіп, ол жерде ортақ пікір мен тәжірибе алмасу арқылы жұмыс жолға қойылып келеді. Әкімшілік талап арыздар карантин жағдайына байланысты «Сот кабинеті» мен ЕСЭДО бағдарламасы арқылы электронды түрде түсуде. Істер ішінара онлайн форматта өткізіледі.

Күздің алғашқы күні-ақ ел Президенті Қ.Тоқаев Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығының алғашқы жолдауын жариялады. Онда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру екенін атап айтып, IT секторды дамытып, күшейте түсуді тапсырды. Жалпы, соңғы он жыл ішінде еліміздің барлық жүйесінде электронды және цифрландыру жұмыстары жүргізілуде.

Судьялардың қарқынды жұмыс жасап, азаматтардың сұраныстарын дер кезінде қанағаттандыруына сот жүйесіндегі цифрландыру оң әсер етуде. Тараптар «Сот кабинеті» арқылы сотқа жүгінсе, барлық дерлік істерді «Смарт сот» арқылы онлайн режимде өткізудеміз. Жиын, семинарлар мен басқосулардың бәрі де виртуалды өтуде. Ол үшін жоғары технология, сапалы байланыс орнатылған. Әр сот залына жоғары жылдамдықтағы интернет қосылып, сот отырысына қатысушылар әлемнің кез келген жерінен уатсап, Zoom бағдарламалары арқылы процеске қосылып жатыр. Сот жүйесіндегі цифрландыру бағдарламасы шетел сарапшыларының оң қорытындысына ие болып, өткен жылы 190 елдің ішінде Қазақстан «Doing Business» рейтингісінде 4 орынды иеленді.

Биыл еліміз Тәуелсіздіктің 30 жылдығын іргелі өзгерістермен қарсы алғалы тұр. Әсіресе, сот саласында үлкен реформалар іске асырылды. Сот тәуелсіздігін ел тәуелсіздігінен бөліп қарауға болмайды. Қаралған істердің заңды, әділетті болуы сот тәуелсіздігі тұғырының мықтылығына байланысты. Ата Заңымызда атап айтылғандай, судья жеке істерді қарауда тәуелсіз, тек заңға ғана бағынады. Отыз жыл ішінде сот мемлекеттік биліктің дербес бір тармағы ретінде толық қалыптасты. Қазіргі кезде сот пен халық арасында шынайы қарым-қатынас орнатылған. Ол сотқа жүгінушілер қатарының артуымен дәлелденеді.

Бүгінгі қоғам бәсекеге қабілеттілікті талап етеді. Қазақстандық сот билігі сол үдеден шығып ел игілігі үшін бәсекеге қабілетті, заманауи әрі қоғамға аса тиімді тұрғыда даму үстінде.

Айгүл ЕЛЕУСИНОВА,
Бейнеу аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

САРАП

Мемлекетіміздің заңдық базасын жетілдіру маңызды аспектілердің бірі. Қоғам алға басып, құқықтық жағынан дамыған сайын заңдар да заман талабымен үндесіп, жетіле түсетіндігі табиғи заңдылық. Қоғамдық қатынасты реттейтін заңдар ескіріп, орнына жаңа заңдар қабылданып, кейбір заңдарға, нормативтік құқықтық актілерге, кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатады. Соның бір дәлелі қазіргі уақытта еліміздің құқықтық кеңістігінде кеңінен талқыланып, оны жүзеге асыру бойынша қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатқан, сот қызметіне тың серпін беретін тағы бір заң – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.

АЗАМАТТАР СЕНІМІН АРТТЫРАТЫН ҚҰЖАТ

Жаңа кодекс енгізілген кезден бастап қолданыстағы екі заң күшін жойды. Оның бірі – Әкімшілік рәсімдер туралы заң болса, екіншісі – Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заң. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде билік пен халық арасындағы дауды қараудың негізгі қағидаттары белгіленген. Мемлекеттік органдар мен қарапайым азаматтар арасында даулы жағдайлар жиі туындайды. Іс сотқа жеткен кезде шешім көбіне мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлғаның пайдасына шешіліп жатады. Мемлекеттік органдардың қолында барлық ресурс бар. Ал қарапайым адамда ондай әлеует жоқ. Осы себептен мұндай дауларда қолында билігі бар мемлекеттік мекеме жеңіске жетеді. Жаңа кодекс осы теңсіздікті жояды.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің азаматтық процестен айырмашылығы ретінде соттың белсенді рөлін айтуға болады. Осы кодекстің 16-бабына сәйкес, әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемесімен, арызымен, өтінішхатымен, олар ұсынған дәлелмен, дәлелдемемен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қалмайды. Әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуге құқылы. Бұл заң аясында судьяға жаңа өкілеттіктер мен құқықтар беріліп отыр. Яғни, судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Тағы бір жаңашылдық. Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинай алады. Сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді жүзеге асырады. Кодексте тараптарды ымыраға келтіру шараларын белсенді түрде қолдану да ұсынылған. Тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Осындай заң жобасы сот саласы үшін жаңа қадам, жаңа серпін болары сөзсіз.

Құрманғали ДҮЙСЕБЕКОВ,
Сайрам аудандық сотының төрағасы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

КИЕ

АМАНАТҚА АДАЛ БОЛАЙЫҚ!

Қоғамның барлық салаларында ана тіліміздің мәртебесіне лайық орын алуы – мемлекеттік мәні бар маңызды мәселе. Қазақстанда тіл саясаты сатылап жүргізіліп келеді. 2020 жылға дейін қазақстандықтардың 95 пайызы мемлекеттік тілді жетік меңгеруі тиіс. Бұл орындалуы тиіс биік меже. Отандастарымыздың барлығы дерлік ана тіліміздің жанданып, ортақ қолданысқа енгізілуі мен гүлденуі үшін жанын салуы керек. Сондықтан, мемлекеттік мекемелерде қазақ тілінде іс жүргізу талап етіліп, мемлекеттік қызметкерлердің қазақ тілін білуі, тілді өркендетуге қамқорлық жасауы міндеттеліп отыр.

Тіл – достықтың кілті, ынтымақтастық бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлттың жаны әрі ары. Тіл тағдыры тарихтың талай парақтарын ақтарып, өмірдің талай сынынан өткені ақиқат. Өз тілінде сөйлемегенің – еліңді қастерлемегенің. Бүгінде мемлекеттік қызметкерлер қазақ тілін қажет тілге айналдыру үшін ауқымды жұмыстар атқаруда.

Түпқараған аудандық соты да тілге қатысты заңдылықты сақтап, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуде белсенділік көрсетіп келеді. Жылдан жылға мемлекеттік тілде құжаттарды рәсімдеу, сот өндірісіндегі істерді мемлекеттік тілде қарау пайызы мен сапасы жоғарылауда. Бұл дегеніміз, сот жүйесі қызметкерлерінің, оның ішінде судьялардың ана тілімізге деген сүйіспеншілігі мен махаббатының дәлелі деуге толық негіз бар.

Жер бетінде 9 мыңға жуық тіл бар екен, бүгінде соның екі-ақ мыңға жуығы қалған, яғни жеті мыңға жуығы жоғалып кеткен. Осы екі мың тілді қолданатын халықтың 200-інде ғана мемлекет бар. Көріп тұрғанымыздай мемлекет болу оңай емес, ол үшін жерің, халқың және тілің болу керек. Тарихқа көз жүгіртсек ата-бабамыз қаншама жылдар бойы ұлтарақтай жер үшін соғысып, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен елді, жерді сақтап бізге аманат етіп қалдырған. Ендігі жерде біз де ата-бабамыздан қалған аманатты көзіміздің қарашығындай сақтап келер ұрпаққа жеткізуіміз керек.

Ана сүтімен қанымызға сіңген тіліміздің мәртебесін көтеріп, күнделікті қолданыста дұрыс сөйлеп, іс құжаттарының қазақ тілінде сауатты толтырылуына өзіміз ықпал жасап, тіліміздің беделін асқақтата берейік.

Едіге БЕГЕНОВ,
Түпқараған аудандық сотының төрағасы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ПӘРМЕН

ҚАРЫЗДЫ ҚАЙТАРУ ПАРЫЗ

ҚР ІІМ Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің ЛА 155/13 республикалық мемлекеттік мекемесінде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың арасында сот үкімі бойынша қарызы барлар аз емес. Түзеу мекемесінде берешекті өтеу бағытында жұмыстар тұрақты жүргізіліп тұрады. Өйткені қарызды еске салып, азаматтардың жауаптылығын қалыптастырудың өзі тәрбиенің бір қыры болып табылады. Осыған орай әр тоқсан сайын мекеменің арнайы есеп тобы жазасын өтеп жатқан сотталғандардың тізімін жасап, соның ішінде қарызы бар сотталғандардың тізімі мекеме бастығы, әділет подполковнигі Е.Жекеновтың қолына тапсырылады. Тізім жасалғаннан кейін қарызы барлармен түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Біздің мекемеге жазасын өтеу барысында өзін жақсы жағынан көрсеткен, жұмыс істеуге, сол арқылы қарызын өтеуге ниетті сотталғандар жіберіледі. Ал мекеме қызметкерлерінің мақсаты сотталған азаматтарға жұмыс тауып беруге, мамандық игеруіне, жаңа кәсіп үйренуіне жағдай жасау, көмектесу. Жазасын өтеушілер мекеме тарапынан жасалған бұл мүмкіндікті пайдаланып отыр. Бүгінде ЛА 155/13 республикалық мемлекеттік мекемесінде жазасын өтеп жатқандардың барлығы еңбекке араласып, қарызы барлар табысының бір бөлігін берешегін жабуға жұмсауда. Ал қарызы жоқтар айлығын отбасына, балаларына, ата-анасына жібереді. Бұл да олардың қалыпты өмірге оралуға ниетті екенін, қатесін түсінгенін көрсететін жағдай.

Мекеме қызметкерлері интернет желісі арқылы «Атқару өндірісі бойынша берешегі барлар тізімін» қарап, реестрге сотталғандардың жеке тіркеу нөмірін енгізіп, атқару парақтары қай сот орындаушының өндірісінде екенін анықтап, тікелей сұрау жасауда. Осы сұраулардың нәтижесінде атқару парақтарын алып, сотталушылардың мемлекет пайдасына, жеке және заңды тұлғалар пайдасына өндірілуіне тиіс қарыздары ұсталып, жіберілуде.

С.ЖАҚЫПОВА,
ЛА 155/13 мекемесінің Қаржымен қамтамасыз ету қызметінің бастығы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАСПАНА БАҒАСЫ БАҚЫЛАУСЫЗ ҚАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, Алматының орталығындағы бір бөлмелі пәтерді жалдау 120 мың теңгеден басталуда. Ол бағаға тағы коммуналдық шығындар қосылады. Алматылық студенттердің бірі, болашақ құрылысшы Нұржан Алмас «Оқу орындары тіпті бірінші курстың студенттеріне жатақхана тауып бере алмай отыр. Тек белгілі бір әлеуметтік статусы бар студенттерге ғана жатақханадан орын бұйырған. Сондықтан бірнеше бала бірігіп пәтер жалдауға мәжбүрміз. Бұл пәтер иелеріне ұнай қоймайды. Аяғымыздан тозып жүріп пәтер іздеген кезде байқағанымыз, жалдау құны пәтердің сапасына сай емес. Көпшілігіне жөндеу жүргізілмеген. Оған да мән беріп отырған жоқпыз. Бізге тұратын жер табылса болды» дейді.

Сөз арасында пәтер іздеймін деп жүріп, студенттердің алаяқтар арбауына түсіп қалып жатқанын да жеткізді. Осы бір қарбаласты пайдаланып, ауадан ақша жасап қалуға ұмтылғандар жоқ пәтер үшін кепілақы алып, студенттердің аңқаулығын пайдаланып кеткен. Сондықтан бейтаныс компанияларға, риэлторларға жүгінбеу керек.

Шындығында соңғы кезде пәтер тауып берумен айналысатын риэлторлық алаяқ компаниялар көбейіп кеткен. Осындай алаяқтарға алданған Ерлан Әбіш «Атыраудан ертерек келіп пәтер іздейтін мүмкіндігім болмағандықтан, келгенше пәтерім дайын тұрсын деп риэлторлық қызмет көрсететін мекеменің қызметіне жүгіндім. Қызметі үшін бір айға 20 мың теңге төледім. Келісім бойынша мен қалаған Бостандық ауданынан жалға берілетін пәтерлердің тізімін олар ұялы телефоныма жолдап отырды. Келісімшартқа да сканерден өткізіп, қол қойыстық. Келісім бойынша бір ай ішінде олар пәтер тауып беруі, ал мен компания ұсынған пәтерлердің бірін таңдауым керек. Рас, басында бірнеше пәтердің суреттерін, мекенжайын жіберіп отырды. Таңдаған пәтерімді Алматыдағы туысыма жіберіп, ол барып көремін дегенше үйлер өтіп кетіп жатты. Кейін бір аптадай телефоныма мүлдем хабарлама жібермеді. Хабарласқанымда ол ауданнан пәтер шықпай жатқанын айтты. Ақырында ай бітіп не пәтер жоқ, не қызметіне төлеген ақшам жоқ, түксіз қалдым» дейді.

Кейіннен келісімшартқа сай пәтер тауып бере алмағаны үшін компанияның үстінен құқық қорғау орындарына арызданғысы келген. Алайда риэлторлық қызмет көрсетушілер телефонына жалға берілетін пәтерлер туралы ақпарат жіберіп отырғанын алға тартып, таңдау жасап үлгермеген мұны кінәлапты.

Ал жылжымайтын мүлік саласындағы сарапшылар, Нұр-Сұлтан мен Алматыдағы пәтерді жалға беру бағасы алдағы уақытта көтерілмесе, түспейтінін айтады. Өйткені, қалада көптеген жоғары оқу орны, колледждер орналасқан. Бірнеше жыл бұрын Президент оқу орындарына жатақхана санын көбейту туралы тапсырма бергенімен, әзірге қозғалыс байқалмайды. Жылда 1-2 курс студенттерін ғана жатақханамен қамтамасыз етіп, онда да бір бөлмеге 5-6 баладан орналастыратын оқу орындары биыл әлеуметтік ара қашықтық сақтау үшін орын санын амалсыз шектеуге мәжбүр. Мұның соңы студенттер тәртібінің бақылаусыз қалуына, жастар арасында қылмыстың орын алуына әкелуі әбден мүмкін. Сонымен бірге, пәтерақыны төлеу үшін бос уақытында жұмыс істейтін студенттердің тыңғылықты білім алуы да күмәнді.

Жанұзақ ӘКІМ, экономист:

– Мемлекет басшысының кешегі жолдауында атап өтілгендей азық-түлік бағасы секілді еліміздегі баспана бағасына да бақылау керек. Бұлай бетімен кете берсе теңгерім бұзылады. Өйткені, кейбір адамдардың басында бірнеше баспанадан бар, ал келесі бөлігі мәңгі баспанасыздың күйін кешіп жүре береді. Баспана жалдау құны да артып барады. Бұл өз кезегінде әлеуметтік жағдайға айтарлықтай әсер етеді. Айлығы аздар өмір бойы біреудің қалтасын толтырып, пәтер жағалап күн кешеді. Бүгінде бағаны уыстан шығарып алдық. Шындығында баға пәтер құнына сай емес. Мұны шетелден даңғарадай үй алған отандастарымыз ашық айтып жүр. Халықтың үйді өзіміздің емес, шетелден сатып алуы өте қорқынышты үрдіс. Сондықтан Үкімет ең алдымен баспана бағасын, жалдау ақысын қадағалауы керек.

Қуаныш ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ЕСЕБІ ЖОҚ ПА?

ҚР Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсындағы мәліметке қарағанда қазіргі таңда республикада 16 мемлекеттік бағдарлама жүзеге асырылуда. Оларды іске асырудың биыл екеуінің, 2022 жылы үшеуінің, 2025 жылы онының, ал 2050 жылы ең соңғысының мерзімі аяқталады. Алайда мақсаты ғана емес, бюджеттік шығысы да қомақты бұл бағдарламалардың нәтижесі туралы жұртшылық арасында алыпқашпа сөз көп.

Мәселен, биыл жүзеге асыру мерзімі аяқталатын «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» мен «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы» туралы бес жылы бойы Үкімет пен Парламентте аз айтылған жоқ. Премьер-Министрден бастап, министрлер мен олардың орынбасарлары Президент пен депутаттардың алдында жасаған баяндамасы мен таныстырылымдарының ешкім нақты санын білмейді. Ондағы республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген жалпы шығыстар алғашқысында 2 947,1 млрд теңгені құрады. Екіншісіне, республикалық бюджеттен 361 151 168 мың теңге; ҚР Ұлттық қорынан нысаналы трансферттер есебінен 49 200 315 мың теңге; жергілікті бюджет есебінен 135 802 648 мың теңге қарастырылған екен.

Сөзіміз нақтырақ болу үшін енді осының алғашқысының басты мақсатына көз жүгіртіп көрген жөн шығар. Онда агроөнеркәсіп кешеніндегі (АӨК) еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімін 2017 жылмен салыстырғанда кемінде 2,5 есе ұлғайту көзделген. Еңбек өнімділігі ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін 1 адамға 2015 жылы 1,2 млн теңгеден болған. Оны 2021 жылға қарай 3,7 млн теңгеге дейін көтеру мақсат етілген. Сондай-ақ, өңделген өнім экспортын 2015 жылғы 945,1 млн АҚШ долларынан 2021 жылы 2 400 млн АҚШ долларына дейін ұлғайту жолымен АӨК саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру көрсетілген.

Ал міндеттерінде: 1) Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету; 2) АӨК субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру және АӨК субъектілеріне салық салудың оңтайлы режимдерін қамтамасыз ету; 3) Жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру; 4) Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру; 5) Өткізу нарықтарының қолжетімділігін және экспортты дамытуды қамтамасыз ету; 6) Аграрлық ғылымды, технологиялар трансфертін және АӨК субъектілері құзыретінің деңгейін дамытуды қамтамасыз ету; 7) АӨК-дегі өндірісті техникалық жарақтау және қарқындату деңгейін арттыру; 8) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және АӨК-ге цифрлық технологияларды енгізуді қамтамасыз ету; 9) Ауылдық жерлерде тұратын халықтың өмір сүру жағдайына қанағаттануы деңгейін арттыру қарастырылған.

ҚР Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының президенті, ҚР ҰҒА академигі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Ғани Қалиевтің айтуынша, мұның ешқайсысы орындалмаған. Еңбек өнімділігінің де, өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі де әлі көңіл көншітерлік дәрежеде емес. Бұған техниканың тозуы, технологияның ескіруі мен енгізіліп жатқан жаңа техника мен технологияның жаңартылуының төмендігі өз ықпалын тигізуде. Сондықтан еңбектің де, өнімнің де өзіндік құны жоғары боп отыр. Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы да жақында арнайы президиумды шақырып, бұл мәселені талқылаған екен.

Мемлекет басшысы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» деп аталатын биылғы Жолдауында агроөнеркәсіп кешені саласында қордаланған проблемаларға арнайы тоқталып өтті. Бұл – азық-түлік тауарларының бағасын белгілеудің және оны бөліп-таратудың тиімсіз жүргізілуі. Мал жаятын жерге шаруалардың қолы жетпей жүргені. Біздің аграрлық саясатымызда сабақтастық болмауы.

– Министр ауысса, саланың саясаты да өзгереді. Мұндай жағдайда шаруаларға алдағы жұмысты жоспарлау қиынға түседі. Бірыңғай негізгі бағыт болуы қажет. Соған сәйкес субсидиялау тәсілдерін қайта қарап, тұрақтандыру керек. Соңғы бес жылдың өзінде субсидиялауға екі триллион теңгеден астам қаржы бөлінді. Өкінішке қарай, агроөнеркәсіп кешеніне қатысты қозғалған қылмыстық істердің жартысынан астамы субсидияны талан-таражға салуға байланысты болып отыр, – деген Қасым-Жомарт Тоқаев шағын және орта шаруашылықтар үшін субсидия толығымен қолжетімді болуы керектігін атап өтті. Агроөнеркәсіп кешенінде қолданатын технологияның шамамен 90 пайызы әбден ескіргенін, ауыл шаруашылығын субсидиялау саясатын өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік саясатпен ұштастырған жөн екенін ескертті. Үкімет пен «Бәйтерек» холдингіне осы мәселе бойынша ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

Жалпы, саланың басты міндеті – елімізді негізгі азық-түлік өнімімен толық қамтамасыз ету екенін еске салып, биыл ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге және олардың қатысы бар компанияларға сатуға және жалға беруге біржола тыйым салған заңға қол қойғанын жеткізді. Сондай-ақ, Жер кодексіне қазақстандық инвесторларды ауыл-аймақтарды дамыту үшін қаржы салуға ынталандыратын түзетулер енгізіліп отыр. Бұл өзгерістер ауыл шаруашылығы жерлерін толық экономикалық айналымға түсіруге мүмкіндік береді деп күтілуде. Шын мәнінде, осы шешімдердің барлығы агроөнеркәсіп секторына оң ықпал етіп, ауыл шаруашылығы ұлттық экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналатынына сенетінін айтқан Президенттің сөзіне енді халықты иландыру Үкімет пен Парламенттің қолында.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОЙТАЛҚЫ

РИЭЛТОРЛАР ЖҰМЫСЫН ҚАДАҒАЛАУ МҮМКІН БЕ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мақсат ХАЛЫҚ, экономист:

– Жергілікті басқарушы билік өкілдері де бұл мәселеге араласуы керек. Ең болмаса шектік бағасын қойып, сол шектік бағадан асқандарды жазалау тәртібін енгізу арқылы мәселенің шешілуіне ықпал еткен жөн. Қазір студенттердің келуі ғана баспана бағасын ушықтырып тұр. Уақыт өте жағдай қайтадан тұрақталуы мүмкін. Ең болмаса осындай қарбалас кезеңде салаға бақылау қажет. Уақытша сұранысты реттеуге көмектескен орынды. Дәл қазір хостелдердің өзі бір орынға 40 мың теңге сұрап отыр. Ол бөлмеде алты адамға дейін жатады. Сонда бір бөлмені 240 мыңға жалға беру деген сұмдық қой. Мұның барлығы сұраныстың жоғарылауынан туындағаны түсінікті. Екі жыл бойы студенттер онлайн білім алғандықтан бұл мәселе сезілмеді. Ал енді осы бір кезеңді пайдаланып, білім ордалары да өз студенттеріне жағдай жасап, жатақхана санын көбейтуге тырысуы керек еді. Мұндай қадам байқалмады. Сондықтан Мемлекет басшысы ЖОО-ларға жатақхана салуды қайта міндеттеп, өз студенттерін өздері тұрғын жаймен қамтамасыз етуі керектігін естеріне салса деймін.

Алаяқ риэлторлардың да әрекетіне жаза қатаңдатылуы керек. Әсіресе, өңірден келген студенттер алдануда. Риэлтормын дегендер алдын ала ақшасын алған соң, телефонға жауап бермей қоюды әдетке айналдырған. Осындай кезде арнайы мониторингтік топтар жұмыс істеп, риэлторларды тәртіпке салуға ықпал етсе екен. Нақты қадағалау процесі болмағандықтан риэлторлар да, пәтер қожайындары да бетімен кеткені шындық.

Сапарбай ЖҰБАЕВ, экономист:

– Дәл осылай әрнәрсені сылтаурата берсек, пәтердің құнына да, жалдау ақысына да ие бола алмаймыз. Сондықтан бағаға бақылау керек. Пәтерді жалға берушілер әбден бетімен кетті. Түрлі қитұртқы жолдармен бірнеше үйді қатар алып, жалға беріп, бағасын өсіріп білгенін жасап отыр. Осы бірнеше үйге иелік етіп отырғандармен де күрес күшеюі керек. Оларға салынатын салықты өсірген дұрыс. Пәтерін жалға бергендер де салық төлеуі тиіс. Мемлекеттік бағдарламамен салынған үйлерде үй иесі тұрмайтын болса, айыппұл салынуы қажет. Әйтпесе, саланы алаяқтар иемденіп алып, мәңгі шешілмейтін баспана мәселесіне тап болдық.

Көп нәрсені айтамыз, бірақ солардың көбі іс жүзінде орындалмайтын болды. Әйтпесе, жатақханаларды көбейту мәселесі осыған дейін де талай рет айтылды ғой. Алайда орындалмады. Нәтижесін бүгін сезініп отырмыз. Сондықтан нарықтағы пәтер бағасын қымбаттатуға себеп болып отырған ЖОО-дан да жауапкершілік талап етілуі керек. Рас, бірлі-жарым оқу орындары жатақханалар салды. Бірақ оның жыртыққа жамау болмағаны байқалады. Тіпті кейбір оқу орындары элиталық жатақханалар салып, онда таңдаулы студенттерді орналастыру керектігін айтып жатыр. Сонда, студенттерді жатақханамен қамтамасыз ете алмай отырып, оларды алалағанымызға жол болсын?!

Сауалнаманы дайындаған Қуаныш ЕРМЕКОВА, «Заң газеті»

ЗАҢҒА ТҮСІНДІРМЕ

ШАҒЫМДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

Әділетті, халық үніне құлақ асатын мемлекеттің алғышарттарының бірі және бірегейі – әділ әрі сапалы шешім қабылдайтын сот жүйесін қалыптастыру екені белгілі. Бұл ретте елімізде азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету жұмыстары жылдан-жылға жетілдірілуде.

Соның жарқын дәлелі ретінде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қабылдануын айтуға болады. Аталған кодекстің күшіне енуі заң саласындағы елеулі жаңалықтардың бірі болды. Бұл заң соттардың белсенділігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар, олардың талапкерге барынша көмек көрсетуін көздейді. Атап айтарлығы, жеке сот ісін жүргізудегі жария-құқықтық сипаттағы дауларды шешуде мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар өз шешімдерінің заңдылығын дәлелдеуге міндетті.

Кодекстің 91-бабының 1-тармағына сәйкес, әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік сотқа дейінгі тәртіппен әкімшілік әрекетке немесе әрекетсіздікке шағым жасауға құқылы. Сотқа дейінгі тәртіп бойынша мұндай шағымды бағыныстылық тәртібімен жоғары тұрған әкімшілік орган немесе лауазымды адам қарайды. Бұл жерде әкімшілік орган дегеніміз, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет жасау, әрекетсіздік таныту жөнінде өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ, өзге ұйымдар. Шағым түсісімен әкімшілік орган немесе лауазымды адам үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны қарайтын органға немесе лауазымды адамға жіберуі тиіс.

Егер шағым жасалған әкімшілік орган немесе лауазымды адам осы үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса немесе әкімшілік әрекет жасаса, онда тиісті органға шағымды жібермеуге құқылы. Соттағы шағым жасау тәртібіне келетін болсақ, әкімшілік актіге, әкімшілік әрекет немесе әрекетсіздікке шағымданатын жоғары тұратын орган, лауазымды адам болмаған жағдайда, әкімшілік рәсімге қатысушының өз құқықтары мен заңды мүдделерін сот тәртібінде қорғауға мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге жол беріледі.

Заңмен жоғары тұратын органға немесе лауазымды тұлғаның атына шағым келтіруге әрекет жасау (әрекетсіздік таныту) туралы белгілі болған күннен бастап үш ай мерзім, ал сотқа талап қою келтіруге бір ай мерзім берілген. Көрсетілген мерзімдерді өткізіп алу шағымды қарайтын органмен немесе сотпен шағымды қабылдаудан бас тартуға негіз болмайды. Дәлелді себептер анықталған жағдайда әкімшілік орган және сот өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіруге құқылы. Сонымен қатар, соттың белсенділігі артып, талапкердің талап қоюын заң талаптарына сәйкестендіруге көмек көрсетіледі. Яғни, жаңа заң мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың әрекетіне дау айтуды осыған дейін реттеген Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарынан өзгешеленіп, мемлекеттік мекемелердің жауапкершілігін күшейтеді. Бұл өз кезегінде мемлекетте заң талабының қатаң сақталуына, сондай-ақ, халық үніне құлақ асатын мемлекет қалыптастыруға оң әсерін тигізеді. Жаңашылдықтар Еуропаның дамыған елдерінің құқықтық тәжірибесінен алынған. Бұл институт мемлекеттік басқару мен сот төрелігінің ашықтығын, сапасын одан әрі арттырып, сенімнің жоғары деңгейіне жеткізері хақ.

Т.ТӨЛЕГЕНОВ,
Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ТАҒЫЛЫМ

Бала кезімнен бастап екі беттен тұратын «Спорт газетін» сүйіп оқитынмын. Одан өзге ауыл пошташысы «Оңтүстік Қазақстан», Сайрам ауданында шығатын «Еңбек туы» газеттерін жеткізіп беретін. Осы басылымдарды асыға күтіп, бірін жібермей оқыдым.

КҮШ – БІЛІМДЕ, БІЛІМ – КІТАПТА

2021 жылы 2 ақпанда «Оңтүстік Қазақстан» газетінде «Мен әскерде жүргенде» атты айдармен шыққан бір мақаланы оқып, мен де өзімнің әскерде басымнан өткен бір жайтты баяндағым келді. Әскерге 1987 жылдың қара күзінде шақырту алып, Сайрам ауданынан өзбек-қазақ аралас бір топ жігіт еліміздің батысын бетке алдық. Бұған дейін мен Алматы қаласындағы республикалық Қ.Мұңайтпасов атындағы спорт интернатының футбол бөлімін бітіріп, Қазақ Мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға тапсырғанмын. Бірақ, түсе алмай, ауылға қайтқанмын. Ауылда 2-3 ай жүріп, әскерге кетуді ұйғардым.

Баратын жеріміз Украина екенін білдік. Пойызбен үш күн жүріп, Киев қаласына келдік. Ол жерден «Десна» өзені арқылы теплоходпен 7-8 сағат жүзіп, Чернигов облысы, Козелец ауданына келдік. Одан жаяулатып отырып, тағы 4-5 сағаттай орман арқылы әскери бөлімге жеттік. Біз келген жер әртүрлі әскери мамандар даярлайтын «Десна» деген оқу орталығының дивизиясы екен. Мен полк командиріне кіріп, спорт ротаға жіберуді сұрандым. Ал командирім болса әскери мамандық алуым керек екенін, одан кейін ғана жібере алатынын айтты. Содан мені танк полкінің механик-жүргізушілер даярлайтын бөліміне жіберді. Мен осы бөлімде 6 ай оқып, механик-жүргізуші мамандығын алып шықтым. Оқу орнын үздік бітіріп едім, маған Харьковтегі командалық танкішілер училищесіне түскенімді, сонда барып, оқи беруіме болатынын айтып, қолыма жолдама беретін болды. Мен ойлана келе, әскери адам емес, заңгер болуды қалағанымнан, аталмыш училищеге барудан бас тарттым.

Оқуды бітіргеннен кейін мені спорт ротаға емес, сол жерден 300 шақырымдай жерде орналасқан «Гончаровск» деген поселкадағы әскери бөлімге жіберді. Мен ол жерде әскери қызметімді аяқтап, 1989 жылдың 16 желтоқсаны күні елге қайттым. Не үшін тура 16 желтоқсан күні елге қайтуымның да өз оқиғасы бар. Ол кезде взвод командирі танкісінің жүргізушісі едім. Экипажбен талай оқу-жаттығуды өткіздік. Нақтырақ айтқанда, қазіргі кезде теледидардан көрсетіп жүрген «танковый биатлон» деген ойынды мен, командирім және оқтаушы-көздеуші үшеуіміз сан мәрте өткеріп, жеңімпаз болып жүрдік. Бір күні әскери казарманың алдында тұрған кезде сол командирім келіп, «әй қазақ, ротаның алдында барабан ұста» деп бұйрық берді. Мен қарсылық танытып, менен де кішілер бар деп айтып едім, «сен хан тұқымынансың, саған барабан ұстауға болмайды ма, сен ұлтшылсың, 1986 жылы желтоқсандағы бұзақылармен бірге болғансың» деп айқайлап, үйіне тура 16 желтоқсан күні қайтасың деп айғай салды. Сол сөзінде тұрып, мені 1989 жылы 16 желтоқсан күні кешке қарай әскери қызметтен босатты.

Осы әскери бөлімде жүргенімде кітапханадан «Абай жолы» романын тауып, екі-үш қайталап оқып шықтым. Одан бөлек, тағы да 5-6 қазақ тіліндегі кітапты оқып, туыстарым арқылы Алматы қаласынан «Өркен» деген студенттер газетін, «Вечерняя Алма-Ата», «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл Жас» газеттерін алдырып оқып жүрдім. Бала кезімізден кітаптарды таласып оқу дағдыға айналған. Соның арқасында өзім білім алған орта мектепте мен оқымаған кітаптар қалмаған болатын. Атап айтқанда, Қасым Қайсеновтің, Әди Шәріповтің партизандар туралы, Сейдахмет Бердіқұловтың Мәскеу олимпиадасы жайлы, «Брест қамалы», «Бассыз салт атты», «Капитан Грандтың балалары», «Джон Негр баласы», Б.Майлиннің «Шұға» повесін және тағы басқа шығармаларды, өзім сүйіп ойнайтын футбол тақырыбында көптеген кітаптар оқыдым. Осы кітаптарды оқу арқылы біз отанымызды шексіз сүйіп, оны қорғауға дайын болатынбыз және патриоттық рухымыз өте жоғары болды. Кітап, газетті үзбей оқудың құдіреттігі осында деп ойлаймын.

Әдеби кітаптарды, газет-журналдарды оқуға деген сүйіспеншілігімнің арқасында ой-өрісім кеңейіп, сөйлеу мәнерім артып, қазіргі таңда атқарып отырған жұмысыма көп септігін тигізді. Өзім таңдаған мамандықты әскерден келгеннен кейін бітіріп, жұмысымды тергеушіліктен бастап, қазіргі таңда Шымкент қаласының мамандандырылған тергеу сотында судья қызметін атқарып жүрмін. Судьялық еңбек өтілім 18 жылдан асты.

Қорыта айтарым, соңғы кезде, яғни 2015 жылдан бастап ұлы бабамыз Абай туралы және оның ойлы шығармаларын көп оқитын болдым. Жұмыс барысында ұйымдастырылатын дөңгелек үстелдер мен салтанатты шараларда әріптестеріме және басқа да құқық қорғау органдарының өкілдеріне Абайдың қара сөздеріндегі құнды мәтіндерді баяндамама қосып, мағынасын барынша арттыруға тырысамын.

Кітап оқу адамның ой-өрісін кеңейтіп, рухани байлыққа бөлеп, адами қалпыңды қалыптастырады. Сондықтан, замандастарыма, қандастарыма айтарым, біз қазақ тілінде шығатын әдеби кітаптарды, төл газет-журналдарымызды үзбей оқуымыз керек. Мен осы кезге дейін ерінбей-жалықпай ана тілімізде жарық көретін «Егемен Қазақстан», «Оңтүстік Қазақстан», «Заң газеті» басылымдарын, «Жұлдыз» және «Жалын» журналдарын үзбей жаздырып алып оқимын және бұл маған рухани ләззат сыйлайды.

Сержан АЙНАБЕКОВ,
Шымкент қаласының мамандандырылған тергеу сотының судьясы

БІТІМ

ДАУДЫ ШЕШУДІҢ ЕҢ АРЗАН ӘДІСІ

«Медиация туралы» заңның қоғамға пайдасы зор. Медиацияның мақсаты дауды шешуде екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқаға қол жеткізу, арадағы жанжал деңгейін төмендету. Тәжірибеде байқалғандай, медиацияны қолданудың пайдасы үлкен. Атап айтқанда, бұл іскерлік беделді сақтайды және дауды шешудің салыстырмалы түрде арзан әдісі болып табылады. Сотқа дейінгі реттеуде мемлекеттік бажды төлеудің қажеттілігі жоқ. Сонымен қатар, дауды сотқа дейін шешуге кететін уақыт сотқа жүгінуден әлдеқайда аз болады.

Медиация әдістері негізінен келіссөздерді ынтымақтастық арнасына енгізуге және оларды өзара тиімді нәтижеге бағыттауға негізделген. Медиатор қақтығысушы тараптар арасындағы қарым-қатынас процесін жеңілдетеді, ұстанымдар мен пікірлерді түсінуге ықпал етеді, тараптарды олардың мүдделеріне бағыттайды және тараптарға ортақ келісімге бірлесіп келуге мүмкіндік бере отырып, мәселенің нәтижелі шешімін іздейді. Медиация процесінде тараптар шешім қабылдауға жауап береді, ол үшін істің мәнін нақты түсініп, мүмкін болатын шешімдерді ұсынуы керек және соңында шешім қабылдауы керек.

Медиация бүгінгі күні дауларды шешудің жаһандық ауқымда мойындалған және сұранысқа ие әдісі болып табылады. Оның түпкі мақсаты дауды бейбіт жолмен шешу және жанжалға ұшыраған тараптар арасында келісім жасасу. Медиация кеңінен қолданылатын елдерде бұл әділеттілікке қол жеткізуді қамтамасыз ететін тәсілдердің бірі деген пікір қалыптасты. Алайда, Қазақстан дауларды шешудің баламалы әдістерін, оның ішінде медиацияны енгізудің бастапқы сатысында тұрғанын атап өткен жөн. Медиацияны енгізу құқықтың әртүрлі салаларындағы дауларды шешу бойынша қолданыстағы практикаға белсенді және оң әсер етуі мүмкін. Статистика көрсетіп отырғандай, соңғы жылдары Қазақстанда медиацияны сотқа дейінгі реттеу әдісі мен нысаны ретінде қолдану деңгейі айтарлықтай өсуде және бұл әдіс жанжалдасушы тараптар арасында танымалдылыққа ие. Қазақстанда нарықтық қатынастардың қарқынды дамуы көптеген экономикалық, корпоративтік және басқа да даулармен қатар жүреді. Кәсіпкерлік ортада жиі кездесетін қақтығыстар жағдайында оларды шешу уақыт және қаржылық шығынмен байланысты. Осыны ескере отырып, дауларды баламалы шешу институттары белсенді қолданылуда.

Жоғарыда айтылғандарды ескеріп, татуластыру рәсімдерін қолданудың басты мақсаты: екі тарапты да қанағаттандыратын дауды шешудің өзара тиімді нұсқасына қол жеткізу, сондай-ақ, дауды жедел шешу мүмкіндігі, тараптардың материалдық шығындарын және тараптар қақтығысының деңгейін төмендету, даулы мәселелерді жою салдарынан тараптар арасында тұрақты қатынастарды қалыптастыру және сақтау, халықтың іскерлік беделін халықаралық деңгейде нығайтуға ықпал ететін құқықтық мәдениет қалыптастыру және сот жүйесінің жүктемесін азайту болып табылады.

А.АЛМАГАМБЕТОВА,
Хромтау аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

МЕЖЕ

ТІЛ ЖҰТЫЛЫП КЕТПЕСІН

Қазақ тілі – ата-бабамыздан қалған асыл мұра. Біздің мақсатымыз – осы құнды мұраны сақтап қалу. Мен қазақ тілінің бүгінгі жағдайы әлі де жақсартуды, қолдауды қажет етеді деп ойлаймын. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінің табиғатынан да қазақтың жомарт болмысын, кең жүрегін байқамау мүмкін емес.

Адамзат тарихында тіл жай қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – саяси, экономикалық өктемдіктің де басты құралы. Қазіргі кезде жүріп жатқан әлемдік жаһандану процесіне Қазақстанның тереңдеп бойлай түсуі қазақ тілінің толыққанды мемлекеттік тілге айналу мүмкіндігін азайтады. Өйткені, бұл оның маңыздылығын төмендетеді. Егер осы мәселеге тиісінше назар аударылмаса, тіліміздің мүлдем жойылып кету қатері бар.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен туған тіліміздің мәртебесін көтеру мақсатында, еліміздегі барлық мемлекеттік мекемелердегі құжатты қазақ тілінде жүргізу қолға алынды. Тілді үйрену, білу, зерттеу, құрметтеу, ана тіліндегі көркем әдебиетпен әуестену балалық шақтан қалыптасу керек. Тілдің тағдыры – қазақтың тағдыры. Ел болуымыз қазақ мектептеріндегі жұмыстың сапасына тәуелді. Сол себепті, мемлекет қазақ тілді балабақшаларды, мектептерді көбірек ашуы керек. Ал балаларымен тек қазақша сөйлесіп, ұл-қызын қазақ балабақшалары мен мектептеріне беру – ата-ананың міндеті. Қазақстанда тұрып жатқан әрбір қазақ баласы өз ана тілін білуге міндетті, өйткені ол қазақ жерінің топырағынан жаратылған.

Қорыта айтсақ, тіліміздің болашағы еліміздің әр азаматының, әр отбасының қолында. Егер біз тілімізді құрметтеп, оның дамуы, зерттелуі, қолданылуы мәселесіне тиісті деңгейде назар аударсақ, еліміз экономикалық, рухани, мәдени жағынан дұрыс бағытта дами береді. Қазақстан Республикасының әрбір азаматын «Мемлекеттік тіл – менің тілім» дейтін деңгейге жеткізу үшін бір үйдің баласындай атсалысайық.

Зияш ЗАЙНУЛЛИНА,
Бөкей ордасы аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

№72 (3397)
10 қыркүйек 2021
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

«ЕЛ ТАҒДЫРЫ ҮШІН ӘР ҚАЗАҚ ЖАУАПТЫ»

Сәт ТОҚПАҚБАЕВ, генерал-полковник:

(Соңы. Басы 1-бетте)

Таңнан кеткеннен кешке бір-ақ оралушы еді. Жаз айларындағы демалыс кезінде мен де бірге барып көмектесетінмін. Ол тұста арнайы техника жоқ, барлығы қолмен атқарылады. Анамның саусағының тілім-тілімі шығып, қанап тұратын. Анаммен бірге таңмен таласа тұрып, кітап оқып, сабаққа дайындалу сол кезден әдетіме сіңді. Қайтсем де университетке түсіп, заңгерлік білім аламын деген мақсат күні-түні тыныштық бермеді. Алайда армандаған оқуға екі жылдан кейін түстім. Оқып жүргенде топта, курста, факультетте туындап жататын мәселелерге бейтарап қарамай, қоғамдық жұмысқа белсене араласып, факультеттің комсомол комитеті хатшысының орынбасары болдым. Бұл мені адамдармен еркін араласып, кез келген ортада өз ойымды батыл айтуға, ресми сөйлеуге үйретті. Осының бәрі мен үшін үлкен тәрбие мектебі болды.

Оқуды тамамдауға жақындағанда прокуратурадан, ішкі істер органдарынан арнайы өкілдер келіп, әрқайсысымызбен әңгіме құрып, бізді өздеріне қызметке шақыра бастады. Мен бірден Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жұмысқа тұрам дедім. Олар маған прокуратураға баруға кеңес беріп, сол арқылы бұл салаға келе алатынымды айтты. Осы кеңесті тыңдап прокуратураға келдім. Онда да қызметтік міндетіммен бірге қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрдім. Осылай менің құқық қорғау саласындағы еңбек жолым басталды.

Капитандық шеннен генерал-полковникке дейін жеттім. Қызмет баспалдақтарымда тағдыр маған тәуелсіз еліміздің Ұлттық қауіпсіздік қызметінің негізін қалау, Қорғаныс министрлігінің шаңырағын көтеру секілді қиын да жауапкершілікті миссияны абыроймен атқаруды нәсіп етті. Осының бәріне мен секілді қарапайым колхозшының баласы еңбектің, ізденістің, табандылықтың, қызметтік міндетке, ел алдындағы парызға адалдықтың арқасында қол жеткізді. «Жақсы болсаң жарықты кім көрмейді» демекші, кез келген сала үшін білікті, жауапкершілігі жоғары, іскер, бастамашыл маман ауадай қажет. Осындай талаптарға сай келіп жатсаң сенің жерде қалуың, назарға ілінбеуің мүмкін емес. Сондықтан бүгінгі жастарға өз саланың барлық қыр-сырын меңгерген, жаңалықтарын жылдам игеріп алатын, икемді, қысқасы, қажетті маман бола біл дегім келеді. Сонда көке, жәке жайлы әңгіме тумайды. Сені жібермеуге, ұстап тұруға, жауапты істердің тізгінін беруге мәжбүрлік өзінен-өзі туындайды.

– Өзіңіз айтқандай, тәуелсіздікті нығайтудағы қауырт шаралардың басында тұрған тұлғалардың бірісіз. Кеңес Одағының шекпенінен ең соңғы боп шыққан елміз. Мұның себебі неде?

– Одақтас республикалардың барлығы қыркүйек айында тәуелсіздігін жариялап жатты. Бұл ретте онсыз да қолымызға тиетіні анық болып тұрған тәуелсіздіктен айырылып қалмау басты мақсат болды деп ойлаймын. Нұрсұлтан Назарбаевтың Одақ басшылары алдындағы беделі өте жоғары болды. Беловеж орманында өткен одақтас республикалар басшыларының кездесуінде оған «Қайта бірігіп, Кеңестік Одақты жаңғыртайық, Сіз соның Премьер-Министрі болыңыз» деген ұсыныс айтылды. Ол бірден бас тартты. Егер ол келіскен жағдайда біз тәуелсіздік алмайтын едік. Елбасы сол кездегі үрдісті, қандай тактика жасалып, стратегиялар белгіленіп жатқанын өте жақсы білді. Қанша дегенмен Ресей біздің қай жағынан болсын одақтасымыз және үлкен держава, әлеуетті күш. Көршілігіміз тағы бар. Мұны Назарбаев бәрімізден артық біліп, зерделеді. Сондықтан ол сақтық жасады деп ойлаймын. Оның қазақтың ұлы, өз Отанының шын патриоты ретінде тәуелсіздікті жан-тәнімен қалағаны белгілі. Мұны өзіне ұсынылған лауазымнан бас тартуынан-ақ бағамдауға болады. Назарбаев бұған келіссе Одақтың қайта жанданып, еліміздің егемендігі арманға айналатынын білді. Сондықтан бас тартты. Ел тәуелсіздігінің өзге елдерден кеш жариялануының сыры осында деп ойлаймын.

– Еліміздің күштік құрылымдарының негізін қалаушылардың бірісіз. Бәрін басынан бастау оңай болмаған шығар?

– Иә, тәуелсіздікті бекіту үшін алдымен күштік органдарды құру керек болды. Елбасы бірден маған осы істі өзің қолыңа ал, не істеу керек екенін, қандай көмек қажеттігін айт деді. Мен Ресейдің үлгісін ұсынып едім, ол бірден қарсы болды. Сосын күштік құрылымдардың тәуелсіз органдарының үлкен мектебі қалыптасқан АҚШ-қа тиісті адамдарды жіберіп, олардың үлгісін зерттеп, зерделеп, үйрену жөнінде пікір айттым. Назарбаев бірден құптады. Осыдан соң Сыртқы істер министрлігіне шығып, барлау қызметінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басшыларынан құралған іскерлік топтың АҚШ-қа сапарын ұйымдастыру туралы мәселе қойдым. Осылайша арнайы қызметтердің басшыларымен жолықтық. Ол кезде бұл елдің Президенті Билл Клинтон болатын. АҚШ-тың арнайы қызметтерінде теңіз жаяу әскері, Президенттің күзет қызметі болады екен. Бізде ондай жоқ. Мен Президентке осы қызметтерді қамти отырып, айрықша маңызды нысандарды қорғайтын гвардия құру туралы ұсыныс айттым. Бұл ұсынысым қолдау тауып, елімізде алғаш рет осындай құрылым жасақталып, оны өзім басқардым.

– Еліміздің қарулы күштерінің қалыптасуында да Сіздің қолтаңбаңыз бар...

– Иә, бір күні Елбасы жеке телефонға қоңырау шалып, «Сен әскерде азаматтық борышыңды өтедің бе?» деп сұрады. «Мен Гвардияның бас командирімін ғой» дедім. Телефонның тұтқасын тастай салды. Сол кезде ол еш ойланбастан мені Қорғаныс министріне тағайындау туралы шешімге келген екен...

Кеңес Одағының негізгі саясаты АҚШ-қа, Қытайға қарсы болды ғой. Соған байланысты әскерлер Қазақстанның шығысында шоғырландырылды. Себебі, Қытай соғыс ашатын болса, әскердің дайын тұруы қажет болды. Мен Қорғаныс министрі болған соң бұл саясатты түбегейлі өзгертіп, әскерді еліміздегі Каспий теңізі секілді экономикалық маңызды аймақтарға орналастыруға кірістім. Өйткені, оларда сол кезде бір де бір солдат болмады. Кей өңірлерде ғана ішкі істер бригадалары бар еді. Сондықтан мен әскерді қайта орналастыруды мақсат еттім. Назарбаев бұл шешімнің көршілес елдер мүддесіне кері әсер етуі, көңіліне кірбің түсіруінен қауіптенді. Мен мұның алдын алу үшін төрт яғни, оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс округтерін құру туралы ұсыныс айттым. Ол қолдады. Осының арқасында біздің Қарулы күштерге қатысты саясатымызға көршілес елдер тарапынан наразылық болған жоқ. Жұмысты осылай бастадық.

– МЕНІҢ ОЙЫМША, БАЙЗАҚТАҒЫ ЖАРЫЛЫСТЫҢ ОРЫН АЛУЫНА ҚАРУ-ЖАРАҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ДЕР КЕЗІНДЕ ТЕКСЕРІСТЕН ӨТКІЗІЛІП, ТАЗАЛАНБАУЫ СЕБЕП БОЛДЫ. АРЫСТАҒЫ ЖАҒДАЙДАН КЕЙІН БІЗДЕГІ ҚАРУ-ЖАРАҚ ҚОЙМАЛАРЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ КЕРЕК ЕДІ. МИНИСТР БОЛҒАН КЕЗІМДЕ БІРДЕН ҚАРУ-ЖАРАҚ ҚОЙМАЛАРЫН ТЕКСЕРТІП, ТАЗАРТТЫРА БАСТАҒАН ЕДІМ. ҚАРУДЫҢ АРАСЫНДА ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНАН БЕРІ САҚТАЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАНДАРЫ БАР ЕКЕН. НЕГІЗІ ОСЫНДАЙ ТЕКСЕРУ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ЖҮРІП, ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТТАРДЫҢ МЕРЗІМІ ӨТКЕНДЕРІ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРЫЛЫП, ЖОЙЫЛЫП ОТЫРУ КЕРЕК.

Министр болған соң үш ай бүкіл әскери бөлімдерді аралап шығып, сол кезде қарулы күштердің бізде аты ғана бар екеніне көзім жетті. Әскерлерде оқ та жоқ. Қолда бар техниканың 98-99 пайызының тозығы жеткен, еш кәдеге жарамайды. Әскерилерге үнемі жаттығу керек. Ұшақ ұшпаса, танк жүрмесе, мылтық атылмаса олар не істейді? Екі жылды босқа өлтіріп, құр ас ішіп, аяқ босатып қана жатады. Мұндай әскерден не пайда? 1999 жылы болу керек ұмытпасам, Ұлттық қауіпсіздік комитетінде Қорғаныс саласын қайта құру мәселесі көтерілді. Мен сонда сөз сөйлеп, Қазақстанда қарулы күштерді реформалау емес, қалыптастыру керектігін, өйткені бізде мұндай әлеуеттің жоқ екендігін айттым. Барлығын дәлелмен келтіріп, егер жеткілікті қаржы бөлінбесе, бәрінің бос сөз болып қалатынын ортаға салдым. Әрине, қарсы пікірлер айтылды. Мені бірақ Елбасының өзі қолдап, сол жиында жалпы ұлттық өнімнің бір пайызын қарулы күштерге бөлу туралы тарихи шешім қабылданды. Осының арқасында еліміздің қорғаныс саласының біраз мәселесі шешілген еді. Қазір енді Қарулы күштерге жалпы ұлттық өнімнің 2,2 пайызы бөлінетін болды.

– Өкінішке орай, бүгінде осындай қыруар қаржы бөлініп жатқан Қорғаныс саласы жемқорлықтың ошағына айналған сияқты. Бұрын әскерге барғыза алмайтын болсақ, қазір оған іліну қиын болып кетті. Себебі, әскерилер үшін баспана мәселесі шешілген. Бір қаладан екінші қалаға көшкен әскерилердің отбасы үшін жанбасына төленетін көмек қаржы тағы бар. Бірақ бұл жағдай әскердің қуатын арттыруға қызмет етпей жатқандай әсер қалдырады... Келісесіз бе?

– Мен мұнымен келісе алмаймын, өйткені, менде расталған ақпарат жоқ. Егер ондай күдік туса, оны құзырлы орындар тексеріп, анықтап, айыптыларды тұтқындап, соттау керек. Сыртта отырып мен ондай баға бере алмаймын.

– Табиғи емес, техногендік апаттардың орын алуы жауапсыздық, біліксіздік, жемқорлықтың салдары емес пе? Ең өкініштісі соның себебінен бейбіт халық зардап шегуде. Ажал құшып жатқандар қаншама?

– Менің ойымша, Байзақтағы жарылыстың орын алуына қару-жарақ құрамының дер кезінде тексерістен өткізіліп, тазаланбауы себеп болды. Арыстағы жағдайдан кейін біздегі қару-жарақ қоймалары қатаң бақылауда болуы керек еді. Министр болған кезімде бірден қару-жарақ қоймаларын тексертіп, тазарттыра бастаған едім. Қарудың арасында Ұлы Отан соғысынан бері сақталып келе жатқандары бар екен. Негізі осындай тексеру тұрақты түрде жүріп, жарылғыш заттардың мерзімі өткендері залалсыздандырылып, жойылып отыру керек. Мен сонда қауіптілерін шығартып, полигондарға жарғызып тастау керек деген ұсыныс айтқанмын. Соны жасаймыз деп жүргенде басқа қызметке кеттім. Өзімнен кейін келгендерге ескерткем, әсіресе, оңтүстік өңірдегі қару-жарақ қоймасын уақыт оздырмай тазалау қажеттігін қатты тапсырған едім. Ал, Тараз маңындағы жарылысқа келсек, министр бірден отставкаға сұраныпты. Ол бұған моральдық тұрғыда өзін кінәлімін деп сезінгендігі. Адам өлімі болған жерде, отставкаға кетсе де, зейнетке шықса да кімнің айыпты екенін құқық қорғау органдары шешеді. Қаншама азамат мерт болды. Талайы жараланды. Халық шошынып, тұрған жерінің қауіпсіздігіне сене алмайтын күйге түсті. Бұл жағдайдың себеп-салдарын құқық қорғау органдары анықтайды деп ойлаймын.

– Жалпы қорғаныс саласы мамандармен толық қамтамасыз етілген бе?

– Қорғаныс саласын білікті мамандармен қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс жүруі керек. Мен Қорғаныс министрі болған жылдары әскери оқу орындарында оқытушы-профессорлық құрам да, оқулықтар да болмады. Ресейден, Әзірбайжаннан оқулық сұраттық. Амалсыздан лекция оқу үшін Ресейдің әскери оқу орындарынан академик, ғалымдар шақыртуға тура келді. Өзіміздің білікті мамандардың айтқандарын жазып алып, оқулыққа айналдыруға тапсырма берілді. Осылайша біртіндеп, отандық әскери білімнің негізін қалыптастырған едік. Қарулы күштерді нығайту үшін білікті кадрлар керек. Олар жаңа уақыттың талаптарына сай болғаны дұрыс. Қазір бұл бағытта жұмыс атқарылып жатыр деген ойдамын.

– Әскердегі әлімжеттікті қалай жоюға болады?

– Өз басым гвардияның бас командирі болған кезімде әлімжеттікті жою үшін жасырын сұрау жүргізуші едім. Онда жауынгерлер «командирлер, прапорщиктердің моральдық келбеті қандай, өз міндеттерін қалай атқарады» деген секілді сауалдарға аты-жөнін көрсетпей жауап беретін. Арнайы құрылған топ ең көп жағымсыз пікір айтылған қызметкерлерді анықтап, саралайтын. Оның қорытындысы біздің әскер құрамын теріс пиғылды, міндетіне адал емес жандардан тазалауға мүмкіндік беретін. Меніңше, армияда тәртіп орнатудың бір жолы осы.

– Қазіргі заманда ұлттың қауіпсіздігін қалай сақтауға болады деп ойлайсыз? Сіздіңше қазақ армиясына не жетпей тұр?

– Жуырда Мемлекет басшысы кезекті жолдауын жария етті. Онда елдігімізді, тұтастығымызды сақтап, дамудың, өркениетке жетудің барлық бағыты белгіленіп, басымдығы айқындалды. Енді тек соларды алаңдамай, жан-жаққа қарамай жүзеге асыру керек. Оған толық мүмкіндік бар. Бұрын анау жетпеді, мынау жетпеді дейтінбіз. Қазір халықтың жұдырықтай жұмылып, өз тағдырына өзі қожа болып, өмірінің сапасын арттыруына барлық жағдай жасалып жатыр. Мысалы, ауыл тұрғындары өз әкімін сайлай алады. Бұл халықтың өзін-өзі басқаруына, ұлт тағдыры үшін шешім қабылдауына беріліп отырған зор мүмкіндік қой. Ең бастысы, немқұрайдылық танытпай, белсенді бол. Ауылыңа келетін әкімнің іскер, білікті басшы болуына атсалыс, оған көмектес, қаржының мақсатқа сай жұмсалуын бақыла. Жалғыз Президент емес, барлық халық ортақ мақсат жолында бірігу керек. Бұрынғы кемшіліктерді қазіргі күнге теліп, ренжи берудің қажеті жоқ, Енді тек сол қателіктерден сабақ алып, оларды қайталамауға тырысуымыз керек. Ол үшін ауызбіршілік, мықты ынтымақ керек. «Ырыс алды – ынтымақ». Расында бірлігіміз берік болса, біз алмайтын қамал жоқ.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ТҮЙТКІЛ

БАЛАНЫҢ ТІЛІ НЕГЕ КЕШ ШЫҒАДЫ?

Балабақшаға келетін балалардың көпшілігінің тілі қазір кеш шығады. Бұрын екі-үш жастағы балалардың сөз түсінбеуін үлкен мәселе деп қабылдайтынбыз. Ал қазір мектепке даярлық тобындағы балалардың басым бөлігі ойын толық жеткізе алмайды, сұраққа жауап беруі қиын, сөздерді анық айтпайды. Осындай жаста әлі дұрыс сөйлей алмайтын балалардың кездесетіні де жасырын емес. Өкінішке қарай, ата-аналар мұны баланың еркелігі деп қабылдап, ұл-қызының тілін дамытуға ешқандай әрекет жасамайды. Рас, әр бала – отбасының көзқуанышы, еркесі. Бір-екі баланың бетіне қарап отырған отбасылар баланың айтқанын орындап, дегеніне көнетінін білеміз. Бірақ баланың қалауын орындаймыз деп оның дамуына кедергі келтірмеуі керек қой. Осыны айтсаң «баланы дамыту, сөйлеуге дағдыландыру сіздердің міндеттеріңіз» деп балабақша тәрбиешілеріне ренішін білдіретін жандар да кездеседі.

Шынында бала тілінің кеш шығуына, кемістігіне не себеп? Себебі, біздің ата-аналар балаларымен сөйлесуге уақыт таппайды. Ұл-қызына көңіл бөлуге, кітап оқып беріп, бірге ойындар ойнауға құлықсыз. Баласын қуыршақтай етіп киіндіріп, ас-ауқаттан кенде қылмай, сұраған затын алып бере алсам болды деген түсінік орныққан. Көпшілігі кішкентай бұзықтар мазасын алмауы үшін смартфон, телевизор, компьютердің көмегіне жүгінеді. Осы күні жасқа толмаған баласының қолына смартфонды беріп қойып, кішкентай саусақтардың экранда еркін жүгіргеніне мәз болатын, соны мақтаныш көретін ата-ана көбейді. Бұл мақтанатын жетістік пе? Алдына берген затты баланың осылай қолмен ұстап, аузына салып, түртіп көруі қалыпты жағдай.

Біз қазір бала зейінін жоғарылатып, тілінің таза шығуына көмектесу үшін үнемі ойды дамытатын ойындар ойнатып, көп сөйлесуге тырысамыз. Баланың дұрыс тамақ жеуінің өзі тілдің таза шығуына ықпал етеді. Тамақты ұзақ шайнап, тілін, жағын қимылдатқан бала кейбір қатарластары секілді дыбыстарды қате айтпайды. Анық сөйлейді, тілі айқын шығады. Саусақтарын қимылдатып, ұсақ түйме, моншақ, тастарды жинатудың да бала ойын дамытып, зейінін ашуға да пайдасы бар. Бала бір жасқа толған кезден бастап қарапайым сөздерді айтуына көмектесу керек. Үйретуден жалықпаған жөн. Егер өзіңіздің қолыңыздан келмесе, арнайы мамандар көмегіне жүгінуді кейінге қалдыруға болмайды.

Шынар МӘЛІККЫЗЫ,
№166 балабақша тәрбиешісі

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Әбді ҚИЯЛБАЕВ, техника ғылымының докторы, профессор:

АҚЫЛЫ ЖОЛДЫҢ ИЕСІ: АҚША АЛУҒА ШЕБЕР, ЕЛДІ ЕСТУГЕ КЕРЕҢ

– Күз келгенде жол жөндеу жұмыстарының қызатын әдеті. Жаздай қала көшелері бос кезде қимылдамаған мекемелер мектеппен жарысып құбыр ауыстырып, жолдың беткі жабындыларын қырып, қайта төсеп әбігерге түседі де қалады. Мұның соңы көшедегі көлік кептелісіне алып келеді. Қоғамдық көліктердің жүрісі тіпті қиын. Діттеген жеріне жете алмаған адамда есеп жоқ. Көшедегі жөндеу жұмыстары індет кезінде санитарлық талаптың сақталуына да кедергісін тигізіп отыр. Жылда қайталанатын осы жағдай қашан өз шешімін табады?

– Тендер деген нәрсе бар. Экономикалық тілмен айтқанда, әр істі сатып алу операциясы. Негізі жолды жөндеуді жоспарлаған соң оны тендерге салып, жұмысты іске асыратын компания таңдау айтарлықтай уақыт алады. Сіз айтқан мәселені көтергенде жергілікті басқарушы орындардың алға тартатыны осы тендер. Алайда сылтау айтқанша, уақытты дұрыс жоспарлап, осы жұмыстардың барлығын наурыз айының аяғына дейін іске асыруды тиісті мекемелерге міндеттеу керек. Өйткені, жол салу ісінде ауа райы, жұмысты жүргізу уақыты аса маңызды. Яғни, ыстық асфальтты алғашқы қарға жеткізбей төсеу немесе халыққа қолайлы уақытта төсеу маңызды. Бізде көбінесе халықтың талап-тілегі, қалауы ескеріле бермейді.

– Ауа райы деп қалдыңыз. Жол салуға қай уақыт қолайлы? Кейде алғашқы қармен жағаласып жол төсейтіндер де бар. Жаңбыр суынан жиналған шалшық үстіне жанталасып ыстық бетон төгіп жатқан жол салушыларды да байқадық.

– Бетон төсеу кезінде +5-10 градус ең қолайлы температура. Бұл шамамен наурыз айының аяғы, сәуір айының басы. Оңтүстік өңірде бұл кезде жауын-шашын да көп болмайды. Жол төсеушілер осы уақытта жұмысқа кірісіп кетсе, күздің жаңбырлы күндеріне дейін талай тірлікті тындырып тастайды. Бізде көп мамандар техникалық жағынан әлсіз. Негізі жол жабындысының техникалық жай-күйі өте маңызды.

– Алматыда кептелістің көбеюіне жолдың әсері аз болмай отыр. Мұны қалай шешуге болады?

– Негізі бұл мәселені шешуді, өз тұрғындарына жағдай жасауды Алматы қаласының әкімдігі ойлауы керек. Отыз жыл бұрын қалада 1 млн 200 мың адам тұрса, қазір одан екі есе көп. Бірақ жол тасымалының көлемі олай артпады. Нәтижесінде қысы-жазы бітпейтін көлік тығынына тап болдық. Ішкі көлік санын шектеу керек. Қалада басқа өңірдің нөмірімен жүретін көлік көп. Жол апаттары да жиілеп кетті. Отыз жыл ішінде көлік саны бес өсе өсті. Егер жолдарды соған сай ыңғайлай білмесек, енді 15-20 жылда жағдайымыз тіпті қиындайды. Ауыл халқының жаппай қалаға қоныс аударуын шектеу керек. Мәселен, қазір Алматыда екі миллион, Шымкент пен Нұр-Сұлтан қаласындағы тұрғындар саны миллионға жетті. Не ұттық? Ешқашан шешілмейтін баспана мәселесі, көлік тығыны, жұмыссыздық. Қалада қырып қайта салып жатқан жолдарымызды ауылға салатын болсақ, «ауылда жағдай жасалмаған» деп халық қалаға тұра қашпас еді. Ауыл мен қала арасын жалғайтын тақтайдай тегіс жол керек. Сосын аграрлық саланы дамытуға күш салған жөн. Қалада сенделмей, ауылдан жұмыс тапса көп отбасының түйткілі тарқатылар еді. Тәуелсіздік алғалы жолы жасалмаған ауыл, аудандар аз емес. Сондықтан мегаполистердің жолын жыл сайын жөндей бермей, өңірлерде де жол барын ұмытпайық.

– Жолдың сұрауын кімнен сұраймыз?

– Кеңес Одағы кезінде ҚазАвтожол деген мемлекеттік мекеме болды. Жол сапасына осы мекеме жауап беретін. Талап қатты болатын. Кейін оны жекешелендірдік. Содан бастап жолдың мәселесі көбейді. Жалпы, жекенің қолына беретін нәрсе бар, жекеге сеніп тапсырмайтын нәрсе бар. Дүкенді, мейрамхананы жекенің қолына беруге болар, бірақ оқу орнын, мектепті, ауруханаларды, жолды жекешелендіруге қарсымын. Жолды жекенің қолына беріп едік, ақылы жолдар көбейді. Жеке адам алдымен қаржы табуды көздейді. Егер осы ақылы жолдар талапқа сай болса мәселе жоқ. Өкінішке орай, ақша төленетін сол жолдардың сапасын көтермейді. Мәселен, Еуропаның ақылы жолдарында жол көлік оқиғасы орын ала қалса, мұқият тексеріледі. Ақылы жолмен жүргеннен кейін олар жол қауіпсіздігіне дейін жауап береді. Егер жолдың бұралаңдығынан немесе дұрыс жарық түспегеннен жол көлік оқиғасының орын алғаны дәлелденсе, өтемақы төленеді. Ақылы жол салған ел сол жолдың қауіпсіздігіне, жайлылығына, жарықпен қамтамасыз етілгеніне де жауапты болуы керек. Ақысын төлеген соң ол жолда қандай да бір төтенше жағдайдың орын алмауына да жауап беретін мекеме болуы керек. Ал бізде ақылы жолда тәртіп бұзсаң айыппұлың үйіңе ере келеді. Қыста қары тазаланбағандықтан апатқа ұшырасаң, ешкім жауап бермейді. Тағы бір айта кетер жайт, қазір жолда бейнебақылау қондырғылары өте көп. Мүлт кетсең айыппұлың дайын. Жылына айыппұлға миллиардтаған ақша төленіп жатыр. Сол ақшалар қайда? Ең болмаса бір бөлігі жол қауіпсіздігін күшейтуге жұмсалуы крек емес пе? Біз кез келген нәрседен пайда іздейміз. Бірақ соған сай халыққа жағдай жасауды білмейміз. Осы айыппұлды да жекенің қолына бердік. Нәтижесінде айыппұл салу көбейді. Бірақ жауап беретін ешкім жоқ. Қазір жол саласының мәселесі көбейіп кетті. Соған жаным ауырады. Жыл сайын миллиардтар аударылып жатыр. Соған сай жолдың мәселесі шешіле ме десем, жыл өткен сайын күрделеніп бара жатқаны қинайды.

– Кейбір көшелердің бетін жұқалап қырып алып, қайта жамап жатады. Оның келесі көктемде қайта тоз-тозы шығады. Мұндай жөндеу ақша үнемдеу үшін керек пе, жоқ жұмыс істеп жатырмыз деп көз алдау үшін жасала ма?

– Бұл мәселе де өте өзекті. Негізі бір жолға бір рет ақша бөлгеннен кейін, талапқа сай жасалуына көңіл бөліп, кепілдік мерзімі біткенше ол жолды қозғамауды міндеттеу керек. Иә, қырып бетін ғана жөндей салу әдетке айналып барады. Негізі жолдың астыңғы қабаты басты рөл ойнайды. Жолдың асты мықты болса, беті сыр бермейді. Жолдың бетін қырып қайта төсеу деген әшейін жылтырату деген сөз. Ал жол салушылардың осы бір әрекеті өзге түгілі, осы саланың маманы маған да түсініксіз.

Сұхбаттасқан Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ

ПАЙЫМ

Сайдыбаттал ТОҚБЕРГЕНОВ, Шымкент қаласы Еңбекші аудандық соты төрағасының міндетін атқарушы

ҚАЗАҚСТАН – ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

Парламент палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ Қазақстан халқына кезекті «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің негізі» атты Жолдауын жолдады.

Өте тиянақты әрі жинақы жоспарланған жолдау көңілімнен шықты. Әсіресе, көпұлтты еліміздегі ынтымақ-бірлік һәм білім мәселесі хақында айтқаны көңілге қонды.

«Бірлігіміз – әр алуандықта. Біздің азаматтар үшін толеранттық өмірлік маңызға ие. Біз радикализмнің кез келген формасын болдырмаймыз. Бірлігімізді көзіміздің қарашығындай сақтауымыз қажет. Адамды тіліне, дініне, нәсіліне қарай кемсітуге болмайды»,– деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Бұл – терең білімді әрі көреген басшының аузынан ғана шығатын сөз. Өйткені, «Бірлік болса, тірлік болады» деген халық даналығы бекер емес. Ауызбіршілік, ортақ келісім бар жерде – даму, ілгерілеу болады. Татулық болса, еліміз алдына қойған даму бағдарламасын еркін жүзеге асыра алады. Сондықтан, жолдауда айтылған маңызды жайттарды әрбір қазақстандық көкірегіне түйіп, қорытынды шығарғаны абзал. Себебі, Қазақстан – ортақ үйіміз. Оның болашағы үшін әрқайсысымыз жауаптымыз.

Мемлекет басшысы жолдаудың негізгі басымдықтарын айқындап, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру – өзінің Президент ретіндегі басты мақсаты екенін атап өтті. Бұл мақсатқа жету үшін 5 негізгі бастама көрсетілді.

Біріншіден, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін көбейту туралы шешімін жария етті. Бұл шара 1 млн адамды қамтып, еңбек етіп жүрген барлық азаматтарға жанама түрде әсер етеді.

Екіншіден, соңғы 10 жылда кәсіпорын иелерінің табысынан 60 пайызға артта қалып келген еңбекақы қорын көтеру қажеттігін айтты. Осы орайда Үкіметке жұмысшылардың жалақысын көтеру үшін бизнесті ынталандыру шараларын әзірлеуді тапсырды. Жұмысшылар жалақысын өсірген жұмыс берушілерге сатып алуларда жеңілдік қарастырылып, мемлекеттік қолдауда басымдық беріледі.

Үшіншіден, Мемлекет басшысы микро және шағын кәсіпкерліктің еңбекақы төлеу қорынан алынатын бірыңғай төлем көлемін 34 пайыздан 25 пайызға дейін төмендетуді ұсынды. Бұл бизнестің мыңдаған қызметкерін «көлеңкелі айналымнан» шығаруға, зейнетақы, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйелерінің толық қатысушысы болуына ықпал етеді.

Төртіншіден, Президент 2022 жылдан 2025 жылға дейін – мәдениет қызметкерлері мұрағатшы, кітапханашы, техникалық қызметкерлер, қорықшы, көлік жүргізушілер жалақысын жыл сайын 20 пайызға өсіруді тапсырды. Бұл бастаманың игілігін тұтастай алғанда тағы 600 мың қазақстандық көреді.

Бесіншіден, Қасым-Жомарт Тоқаев зейнетақы қорындағы жинақтың алуға болатын бөлігін «Отбасы банкіне» есепшотқа аударып, сол арқылы баспана сатып алуға рұқсат беру керек деп санайды. Оның айтуынша, бұл қаржыны дұрыс жинап, сауатты пайдалану дағдысына үйретеді.

Президент бірлескен отырысқа қатысқан Парламент депутаттарын әрбір заң жобасының қыр-сырына терең үңіліп, оны сапалы дайындауға шақырды. Мемлекет басшысының айтуынша, әрбір шешім елдің сұранысын да, мемлекеттің мүмкіндігін де ескере отырып қабылдануы қажет.

– Мемлекет басшысының саясатына күмәнмен қарап, жұмысын атқара алмайтындар, уақыт өткізіп босқа отыратындар мен Президент тапсырмаларын орындаудан жалтаратындар болса, қызмет орнын босатуы керек. Біз қазір дамуымыздың шешуші кезеңіне қадам бастық. Мемлекеттік аппарат біртұтас механизмдей жұмылып, жұмыс істеуге міндетті. Тек сонда ғана біз мақсатымызға жете аламыз, – деді Президент.

Жолдауда айтылған міндеттерді орындау жауапты органдардың еншісінде. Бір сөзбен айтқанда, осы жолдауда ел азаматтарының көкейіне үміт ұялатып, құлшынысын арттыратын маңызды басымдықтар айтылды. Қолдап-қоштауға татырлық дүние көп.

БАСТАМА

СОТ РЕФОРМАСЫНЫҢ БИІК ШЫҢЫ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қолданысқа енгеніне екі айдан асып барады. Жаңа заң әкімшілік әділет ісінің қағидаларын, қолданылу ережелерін, құқықтық тетіктерін айқындайды. Жалпы, әкімшілік әділет дегеніміздің өзі – халық пен әкімшілік органдар арасындағы даудың оңтайлы шешілуі. Міне, іске кіріскен әкімшілік соттардың да басты мақсаты – қарапайым азаматтар, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар, кәсіпкерлер құқығын қорғау.

Бұрын сотта қарапайым азамат әкімдіктің шешіміне, жалпы, юрисдикциядағы сотқа шағым келтіретін, ал сот Азаматтық процестік кодекс талабына сай екі тарапқа тең құқық беретін еді. Мұндайда өз заңгері, кеңесшісі бар әкімшілік орган дау мен бұзылған құқықты қалпына келтіру жолында қиындық көрмейді. Сондықтан сотта қандай дәлел келтіруді, қандай басымдыққа ие болуды біледі. Сөйтіп қарапайым азаматпен дауласуда басым түсіп, көбіне жеңіске жетеді. Ал жеңіліс тапқан азаматтар соңғы нүктені қойған сотты сынға алатын. Енді осы жағдай мүлде өзгеріп отыр. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстегі дауды қарау принципі басқа кодекстерге қарағанда мүлде өзгеше. Мұнда сот азаматтардың сөзін сөйлейді, арыз берушіге көмектесу үшін барын салады.

Жаңа жүйе елдегі көптеген маңызды мәселелерді тиімді шешіп, әлеуметтік-экономикалық дамуымызда үлкен жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік бермек. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа кешегі жолдауында былай деді: «Әкімшілік әділет институты мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастырады. Сот қызметінің заманауи үлгісі енгізіліп, артық сот үдерістері қысқартылуда. Заңнамадағы барлық қайшылықтар мен көмескіліктер азаматтар мен бизнестің мүддесіне орай түсіндірілетіні заң жүзінде қамтамасыз етілді».

Иә, кешегі Кеңес елдері ішінде әкімшілік әділет құрылымын ең соңғы болып енгізген ел болсақ та, екшеліп, сұрыпталған тиімділігі ел игілігіне жарағалы отыр. Енді Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске келер болсақ, ол жалпы, әкімшілік рәсімдер, әкімшілік сот ісін жүргізу секілді үш бөлімнен тұрады. Азаматтар әкімшілік соттар арқылы тек мемлекеттік органдарға емес, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына, адвокаттар алқасына, нотариустар мен жеке сот орындаушылар ұйымына қатысты арыз-шағымымен жүгіне алады. Себебі, бұлардың шығаратын шешімдері әкімшілік акт болып табылады. Екі айдың ішінде соттарға жеке сот орындаушылар іс әрекетіне қатысты, салық даулары мен ҚР «Мемлекеттік сатып алу» туралы заңына сәйкес қаралатын даулар бойынша азаматтар жиі жүгінуде.

Замира МАХИТОВА, Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық сотының судьясы

Әкімшілік іс бойынша сот сенім құқығын қорғау қағидатына сәйкес дауларды жедел, тиімді шешуге және көп жағдайда дауды сотқа жеткізбеуге мүмкіндік береді. Әкімшілік органға қойылатын талаптардың бірі – әкімшілік орган шешім қабылдағанға дейін міндетті түрде арыз иесін шақырып, соны тыңдап алу керек. Алдағы уақытта кодекс мемлекеттік органдарды тәртіпке келтіріп, дау кезінде тараптардың татуласуын арттыруы мүмкін.

Әкімшілік әділет жүйесін енгізу – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы тұсындағы елеулі реформа болды. Құжат халық үніне құлақ асатын мемлекет құрудың тиімді құралы ретінде көпшілік игілігіне қызмет ете беретін болады.

БІТІМ

ЖОҒАРҒЫ СОТ – МЕДИАЦИЯНЫ ІЛГЕРІЛЕТУДІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Дауды бітімгершілікпен шешу арқылы қоғамның санасын өзгертуге, бейбітшілік пен татулыққа үндеуге болады. Жылма жыл тұрғындар саны көбейіп, ауылдар мен қалалар өсіп, ел арасындағы қарым-қатынас нығайып келеді. Сәйкесінше осы қатынастардан туындайтын даулардың да саны артуда. Тараптар бірбірімен дауласып, өздері шешімге келмеген жағдайда сотқа жүгінеді.

Алайда, соттың мақсаты тек шешім шығару емес, қазының негізгі ұстанымы – іс бойынша медиативтік татуласу рәсімдерін қолдану, дауласушы екі тарапты да қанағаттандыратын шешімнің нұсқасына қол жеткізу, азаматтардың дауды соттан тыс реттеу институттары арқылы шешу құқығын іске асыруға жәрдемдесу. Осындай қарым-қатынасты заңдық тұрғыда реттеу үшін «Медиация туралы» заң 2011 жылы 28 қаңтарда қабылданған еді. Ол заңның қандай пайдасы бар?

Бұл заң тамырын қазақтың көне тарихынан, байырғы билік қағидаларынан алған. Тентегін түрмесіз-ақ тәрбиелеген қазақ арнайы заңсыз-ақ елдің тыныштығын сақтап, ағайын арасына сызат түсірмеген. Дауласқан тараптарды бітістірудің, келісімге келтірудің шебері болған билер дәстүрі бүгінде жаңарып, жаңғырғаны қуантады. «Медиация туралы» заң соның нақты дәлелі.

Сот жұмысын жандандыруға қатысты реформалардың оң нәтиже бергені қуантады. Көпшіліктің көкейіндегі сұрақтарға жауап іздегенде медиация бойынша ауыз толтырып айтатын жақсы істердің барына көз жеткізу қиын емес. Бүгінде. сот ғимаратында медиация кабинеттері, бұрыштары ашылды, әкімдік, ассамблея, кәсіподақ ұйымдарымен бірлесе отырып медиаторлар жұмысын насихаттаудың, медиативтік келісімге келудің негізі жасалды. Ал Жоғарғы Сот тарапынан «Медиация туралы» заңды насихаттап, тараптарды татуластыру мақсатында қолға алынған жұмыстар ұшан-теңіз. Жоғарғы Сот медиацияны ілгерілетудің қозғаушы күші десек те болады. Себебі, жоғарыдағы игілікті істердің барлығы сот саласының бастамасымен жүзеге асырылады. Азаматтық процестік кодекске арнайы тарау енгізіліп, татуластыру тетіктері кеңейді.

10 жыл ішінде қоғамға пайдалы екенін, елге тиімді екенін дәлелдеген «Медиация туралы» заң алдағы уақытта да жақын жандарды алыстатпаудың, араз жандарды татуластырудың нысанына айналады деп ойлаймыз.

Б.ОМАРОВ,
Ақтөбе қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ОҚЫС ЖАҒДАЙ

ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫНДАҒЫ ҚАЗА

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Ақтөбе филиалы орналасқан ғимараттың төбесі опырылып құлады. Жарақат алған әйел ауруханада ес жимастан, көз жұмды.

Облыстық ТЖД баспасөз қызметінің хабарлауынша, ғимараттың екінші қабаты мен шатыры қираған. Барлығы 5 адам құтқарылды. Олардың екеуі ауруханаға жеткізіліп, біреуі алғашқы медициналық көмек көрсетілгеннен кейін үйіне жіберілген. Ал «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ филиалының мониторинг бөлімінің маманы, 33 жастағы Ләззат Мырзагелдина ауыр жарақат алып, ауруханада қайтыс болды. Марқұм жұмыс істеген мекеме ғимаратты жалға алған. Бұл ғимаратта «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорынан бөлек «ҚазАгроҚаржы» АҚ , «Алға» несие серіктестігі» ЖШС, нотариус және бағалау компаниясы орналасқан.

«Даму» қорының хабарлауынша, ғимаратта жөндеу жұмыстары жүріп жатқан екен.

– «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ақтөбе қаласындағы филиалының ғимараты ескіргендіктен, 2021 жылдың бірінші жартысында тиісті жобалау-смета құжаттары аясында күрделі жөндеу басталған. Ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізу құқын үш жылдан астам тәжірибесі бар «Sigma Construction» ЖШС құрылыс компаниясы ашық тендерде жеңіп алды. Бұл компания жөндеуді 2021 жылдың шілдесінде бастаған, – деп хабарлады қордағылар.

Сондай-ақ, оқыс оқиғаға байланысты ғимаратта жөндеу жұмыстарын жүргізген мердігердің жазаланатынын айтты. Алдымен ғимарат конструкциясының құлауына не әкеп соққаны анықталады. Тергеу нәтижелері бойынша мердігердің (оның ішінде «Sigma CONSTRUCTION» ЖШС құрылыс компаниясына, авторлық қадағалауды жүзеге асыратын компания мен техникалық қадағалауды жүзеге асыратын компанияға да) іс-әрекетіне заң аясында баға беріледі. Қазіргі уақытта полицейлер Қылмыстық кодекстің 156-бабы «Еңбекті қорғау ережелерін бұзу, абайсызда адамдардың өліміне әкеп соғу» бойынша қылмыстық іс қозғады.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА,
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

ӘРТҮРЛІ

5. «Аршалы ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ, БСН 060140009909, «Аршалы ауданының құрылыс бөлімі» ММ-не, БСН 060140010115, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Наразылықтар хабарландыру жарық көргеннен бастап екі айдың ішінде: 8(71644) 2-25-01, 2-13-51 телефондары, Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы кенті Тәшенов көшесі, 47 үй мекенжайы бойынша қабылданады.

6. «Аршалы ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі «ММ, БСН 190440031843, «Аршалы ауданының экономика және қаржы бөлімі « ММ қосу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды, БСН 110140002983. Шағым хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы кенті Ташенов көшесі, 47.

7. «Аршалы ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ, БСН 130440030160, «Аршалы ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» ММ, БСН 130440030224, «Аршалы ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ, БСН 060140009897 біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағым хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы кенті Ташенов көшесі, 47.

8. «Аршалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ, БСН 060140009885, «Аршалы ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-не, БСН 060140013510, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Наразылықтар хабарландыру жарық көргеннен бастап екі айдың ішінде: Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы кенті Тәшенов көшесі, 47 үй мекенжайы бойынша қабылданады.

9. «Аршалы ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» ММ, БСН 060140009897, «Аршалы ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ, БСН 130440030224, «Аршалы ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ, БСН 130440030160 қосу жолымен қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағым хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы кенті Ташенов көшесі, 47.

10. «Аршалы ауданының ауылшаруашылық бөлімі» ММ, БСН 130440030224, «Аршалы ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» ММ-мен, БСН 060140009897, «Аршалы ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ-мен, БСН 130440030160, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Тәшенов көшесі, 47.

11. Аршалы ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ, БСН 060140013510, «Аршалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-не, БСН 060140009885, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Наразылықтар хабарландыру жарық көргеннен бастап екі айдың ішінде: Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы кенті Тәшенов көшесі, 15 үй мекенжайы бойынша қабылданады.

12. «Аршалы ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ, БСН 110140002983, «Аршалы ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» ММ, БСН 190440031843, қосу жолымен қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағым хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы кенті Тәшенов көшесі, 47.

14. «Аршалы ауданының құрылыс бөлімі» ММ, БСН 060140010115 «Аршалы ауданының сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ-не, БСН 060140009909, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Наразылықтар хабарландыру жарық көргеннен бастап екі айдың ішінде: Ақмола облысы Аршалы ауданы Аршалы кенті Тәшенов көшесі, 15 үй мекен жайы бойынша қабылданады.

19. «Ақ жол құрылыс» ЖШС, БСН 030940002856, өзінен «Ақтау Құрылыс 21» ЖШС-нің серіктестік мүлкін жаңадан құрылған серіктестікке бере отырып бөлініп шығуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Өндірістік аймақ, №9, 43-ғимарат.

ТАРАТУ

3. «АккордКапитал» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС Қарағанды филиалының жұмысын тоқтатуына байланысты, сұрақтарыңызды Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 458/1 ғимаратында орналасқан Басты кеңсесіне, БСН 151040008929, келесі нөм. +7 (727) 325-10-25, +7 7755554554 хабарласуыңызды сұрайды.

4. «N services» ЖШС, БСН 141040026350, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Шахтерлар даңғылы, 74 үй. Тел.: 87788632322.

16. «Заң газетінің» 2021 жылғы 27 тамыздағы №68 (3393) санындағы «Тарату» айдарындағы №7 хабарландырудағы «Алға балалар мен жастардың спорт бірлестігі» ҚБ» сөздерінің орнына «Жасөспірімдер мен жастардың спорттық «Алға» қоғамдық бірлестігі» деп түзетіліп оқылсын. Әрі қарай мәтін бойынша.

17. Бұланды ауданының білім бөлімінің «Добровольская бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 021140002609, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020500, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Лесная көшесі, 7.

18. «Golden Buziness Trading» ЖШС, БСН 160440022859, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 107/2 үй, 44 пәтер. Тел.: 87017225597.

20. Оңтүстік Қазақстан облыстық адвокаттар алқасының Мақтаарал ауданының Асықата заң консультациясы, БСН 110741008345 (Қазақстан Республикасы, 160533, Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы, Асықата ауылы, Асилов көшесі, 19 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 5. Тел.: 87017771966.

23. «Arai Production» (Арай Продакшн) ЖШС, БСН 130240018322, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қ., Алмалы ауд., Карасай батыр көш., 88Б, 88в үй, каб.3.

25. «Arai Media» (Арай Медиа) ЖШС, БСН 140540010904, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қ., Бостандық ауд., Жароков көш., 276В үй.

26. «Спортивный клуб IT Legion» ЖШС, БСН 120440013971, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қ., Бостандық ауд., Манас/Жандосов көш., 34А/8А үй, тел.:8-777-263-24-77.

27. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.12.2020 жылғы № 908 қаулысы негізінде бәсекелестік ортаға жекешелендіруге берілген 100 пайыздық үлесі бар мемлекеттік кәсіпорын «Алға-Тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 051140005481, үш рет электрондық сауда-саттыққа беріліп, өткізілмегеніне байланысты серіктестік таратуға жататындығын хабарлайды. Барлық талап арыздар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Ақтөбе облысының «Алға аудандық қаржы бөлімі» ММ-не мына телефондар арқылы (871337) 421-59, 417-78, 417-00 хабарласуға болатындығын жеткіземіз.

МҰРАГЕРЛІК

21. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Малыбай ауылының тұрғыны болған, 30.05.2021 ж. қайтыс болған Мырзабаев Ергали Нургалиевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Жібек жолы көшесі, 16А, «Халық банктің» бұрынғы ғимараты, 1-қабат мекенжайы бойынша нотариус Тұрган Надира Тұрганқызына келуі қажет.

22. 2020 жылы 1 сәуірде қайтыс болған Нурсеитов Токтасынның артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б. Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Орынтаева к., 60, п.2. Тел. ном: 8 (777) 367 79 72

28. 17.04.2007 ж. қайтыс болған Жаркинбекова Амантайдың қалған мүлігіне мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге нотариус Б.Н. Тулегеноваға хабарласуды сұраймын: Түркістан қ., Саттарханов даңғ., 44. Тел. 87082903282.

29. 20.06.2021 ж. қаза болған мұра қалдырушы Сембекова Бакыткул Акилбекованың мүліктеріне мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Түркістан қаласының нотариусы Ф.С. Алихановаға хабарлассын: Түркістан қаласы, Н. Торекулова к-сі, 58 үй. Тел. 87054368312.

БАНКРОТТЫҚ

14. 2021 жылғы 8 қыркүйектегі Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымына сәйкес, А.А. Анисиннің өтініші негізінде «A.A. WARGUS» ЖШС-н, БСН 130840009800, банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

24. Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 31.08.2021ж. ұйғарымымен Астанинский бетонный комбинат «Мақсат» ЖШС-не, БСН 050240000203, қатысты банкроттық бойынша өндірістік іс қозғалды.

Солтүстік Қазақстан облысы сот жүйесінің судьялары мен ардагерлері Солтүстік Қазақстан облыстық сотының судьясы Әлия Бектұрқызы Айсинаға орны толмас қаза – әкесі
Бектұр Мәлікұлының
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облыстық соты мен Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облыстық сотының доғарыстағы судьясы
Ахпанова Алма Нөкешқызының
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, туған-туыстарына көңіл айтады.

Қарағанды облыстық соты мен Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облыстық сотының судьясы
Исабеков Естай Актаевичтің
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, туған-туыстарына көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы,55,Пушкин көшесімен қиылысы,«Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73
www.gazetyisaity.kz,e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы,208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі,78,105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service»,
Алматы қ.,ш/а Жетісу-3,55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ.,Жамбыл көшесі,11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА),директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі,47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында,Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

ЕРТЕ ҮЗІЛГЕН ЖАУҚАЗЫН

Фархат Берғазиев (аты-жөні өзгертіліп алынды) 1986 жылы Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында туған. 22.05.2007 жылы Алматы қаласы Алмалы аудандық №2 сотының үкімімен ҚР ҚК 179-бабы, 2-бөлігінің «б, г» тармақтарымен және 178-бабы 2-бөлігінің «а, в» тармақтарымен кінәлі деп танылып, ҚК-нің 58-бабы 3-бөлігінің негізінде жалпы 6 жылға бас бостандығынан айырылады. 12.05.2010 жылы Шымкент қаласы, Абай аудандық сотының қаулысымен ҚР ҚК 70-бабы негізінде 2 жыл 9 ай, 10 күнге шартты түрде босатылды. Мерзімінен бұрын...

***

2011 жылдың желтоқсан айы. Күннің суық ызғарына қарамастан Фархат бүгін әдеттегіден ерте тұрды. Өзінің ниеттес достарымен құрған жоспарын іске асыру үшін таңғы сағат 6-дан асқанда Шымкенттегі темір жол вокзалына келді. Күн суық болса да әрі-бері жүрген адам қарасы көп. Әнебір бұрышта бүрісіп отырған адам ғана ешкімді күтпейді. Өйткені, оның біраздан бергі тұрақты мекенжайы – осы вокзал. Әсіресе, қылышын сүйретіп қыс келгелі ары-бері ешқайда ұзай алмайды. Түнде паналайтын бір жер тауып алған болуы керек, әйтеуір ерте таңнан қара көрсетеді. Жалғыз досы – иті жанынан бір елі алыстамайды. Адамдардың тастаған тағам қалдықтары бұл екеуінің ұқсас ит ғұмырына жетеді. Бірақ, бұл жайт Фархаттың ойына да кіріп-шықпады. Өйткені, оның жүрегі аяушылық деген сезімді біржолата өшіріп тастаған. Бәлкім, ондай сезім о бастан-ақ болмаған да шығар. Кім білсін?

Сабылған жұртпен бірге Фархат та кезекті бағыттағы поездың келуін тағатсыздана күтіп жүр. Әрине, ол алыстан ат терлетіп келген көліктен сүйіктісін немесе аяулы ата-анасын, қымбат бауырын күткен жоқ. Күткені – бейтаныс адам еді. Онда да көздегені – жалғыз жүрген бойжеткен.

Бір кезде темір тұяғымен жер тепкілеп Астана-Сарыағаш бағытын бетке алған №85 поезд Шымкентке келіп тоқтады. Бірін бауырлары, бірін достары күтіп алып жатқан жолаушылардың барлығы да мәз-мейрам. Жүздерінде қуаныш. Елеусіз ғана темір баспалдақтан төмен қарай түскен еуропа нәсілдес бір бойжеткен ғана ешкімді күтпеген күйі, дұрысы өзін ешкім күтіп алмайтынын біліп, вокзал ішіне қарай бет алды. Бұл көрініс Фархаттың көзіне бірден түсті. Жалғыз екеніне анық көз жеткізу үшін тағы біраз барлау жасады. Иә, ешкім күтіп алмайтыны анық болды. Дереу қасына жақындап, баратын жеріне жылдам жеткізіп тастайтынын айтты. Сезік тудырмас үшін барынша жылы сөйлеуге тырысты. Бейтаныс бойжеткен «таксист жігітпен» келіскеннен кейін алаңсыз көліктің жылы кабинасына жайғасты.

Көлік ішінде өзінен басқа тағы екі жолаушы бар екен. Барлығы да ер адам екенінен алғаш сескеніп қалғанымен, үрейін үмітке жеңдірді. Іштей дұға етуді де ұмытпады. Сүліктей қара түсті «Mersedes-bens 180C» маркалы автокөлік орнынан асықпай қозғалып, қала сыртын бетке алды. Біраз уақыт жүріп, көлік Сайрам ауданына қарасты Алматы-Термез тас жолының 710 шақырымы тұсына келген кезде ақырын жол шетіне шығып, тоқтады. Белгісіз бойжеткеннің жүрегі бір жамандықты сезгендей тулап қоя берді. Дегенмен, өзін-өзі ұстап, сабыр сақтады. Басқа амал да жоқ еді. Алайда, жаман ойы шындыққа айнала бастағандай. Қасындағы қос жолаушы дегендері «таксистің» сыбайлас құзғындары екен. Артында отырған екеудің бірі қарулы қолдарымен қыздың мойнынан қысып, қылқындыра бастады. Шыбын жанын сақтап қалу үшін бойжеткен сұрағанын беруге уәде етіп, жыларман күйге түсті. Қарақшыларға да керегі осы еді. Олжалағандары 500 теңге мен құны 128 мың теңге тұратын ноутбук және жалпы құны 73500 теңге болатын бір алтын сырға, екі алтын алқа болды.

Қандықол қарақшылар мұнымен тоқтамады. Қорғансыз қызды көліктен күштеп түсіріп, жол жиегінен 30 метрдей алысқа, көзден таса жерге алып барды. Көздері қанталап, қолдарын сумаңдаткан адам кейпіндегі шибөрілер қыз денесін тулаққа айналдырып, кезектесіп арам ойларын, айуандық іс-әрекеттерін жүзеге асырды. Сонда да болса аман қалудың амалын ойлаған қорғансыз қыз баласының жалынышты жанары жүректерін титтей де болса селт еткізбеді. Өз сөмкесінің бауымен өзін қылқындыра бастады. Байғұс бойжеткеннің тынысы тарылып, жаны қиналып, аяғын сермеп қарсылық танытпақ болған әрекетінен ештеңе шықпады. Бірте-бірте аяқ-қолдары, бүкіл денесі қозғалыссыз қалып, жүрек соғуын мәңгіге тоқтатты...

...Жазықсыз өлім, бір отбасының қайғы-қасіреті қарақшыларды тәубесіне түсірмеді. Керісінше, айуандық әрекеттерінен ләззат алып, аяқтарын алшаң басып, кезекті құрбандықтарын аңдуға көшті. Ақпанның 10-шы жұлдызы болатын. Қарақшылар әлгі «қара сүлігімен» Сарыағаш қаласынан өтіп бара жатып, жанар май құю бекетінің алдында такси тоқтатып тұрған жалғыз бойжеткенді көздері шалды. Мұндай мүмкіндікті мүлт жіберсін ба, жанына кілт тоқтай қалды. Айтқан жеріне апарып тастайтын болды. Күдік тудырмас үшін бағасын да алдын ала келісіп алды. Шымкент бағытын бетке алып жүйткіген көлік шаһарға жетуге 30 шақырымдай қалған кезде жаттанды сценарийлері бойынша жол жиегіне тоқтады. Қарақшылар да әбден әккі болып алған. Ай-шайға қарамастан гүрзі жұдырығымен арудың ауыз тұсынан бір-екі рет соққы берді. Есеңгіреп қалған бойжеткен сұрағанын беруге дайын болды. Қалтасынан екі мың теңге ақша шықты. 30 мың теңге тұратын алтын жүзіктерін тартып алды. Осы тойғандарына тәубе етіп, бойжеткенді босатып жібере салса да болар еді ғой. Бірақ, ол қылмыстарының куәгері болып қалуы әбден мүмкін. Жоқ, тірі қалдыруға болмайды. Осындай оймен қарақшылардың бірі пакетпен аяқ-қолдарын қысып байлады. Екіншісі аяқ киімінің бауын шешіп, мойнына орады. Бекем бау қыз мойнында үзіле қойсын ба, қайта қыз өмірін үзді. Жайқалған жауқазын ерте үзілді, жас тағдыр аяққа тапталды.

Е-ее, заман-ай десеңізші! Адамның құны көк шыбыннан да төмен болып кеткені ме? Мал емес, адам өлтірген қылмыскерлер ештеңе болмағандай ертеңіне кезекті құрбандықтарын іздеуге шықты. Тағы да темір жол вокзалын торуылдады. Аңдығандары – жалғыз-жарым жүрген қыз баласы. Бұл жолы қармаққа Алматы-Сарыағаш бағытындағы №86-шы пойызынан түскен бойжеткен ілікті. Оның жалғыз жүргенін пайдаланып, діттеген жеріне апарып тастайтынын айтты. Адам деген аттан садаға кеткір қандықол қарақшылар Алматы-Термез тас жолының 712 шақырымының батыс жағында шамамен 20 метр арақашықтықта орналасқан ашық және бөгде адамдар жоқ жерге келіп тоқтады. Өздерін зор сезініп, қоқиланған қорқаулар қыздың басынан бір-екі қатты соққы берді. Қылқындырды. Ұялы телефоны мен алтын бұйымдарын тартып алды. Қалтасынан шыққан 35 мың теңгені иеленді. Әуретімді жасырып жүрсін деген өз орамалын өзінің өліміне себепші етті.

8 наурыз. Аналар ажарланып, келіншек біткен көріктенетін, әпке-қарындастар құлпыратын керемет күн. Бүгін сарыағаштық бойжеткен де ұйқысынан ояна сала әлденеге қуанып, ерекше көңіл-күйде жүрді. Сол көтеріңкі көңілмен алтын әшекейлерін тағынып, Қапланбек-Жібек жолы тас жолының бойына шықты. Қол көтеріп, такси тоқтатып тұрғанда енді үйіне қайта оралмайтынын ол білген жоқ, әрине. Қасына қара мерседес көлігі тоқтап, баратын жеріне жеткізіп тастайтынын айтқанда да қуана келісті. Бүгін кездескеннің барлығын жақсы адамдар деп қабылдады. Бірақ, адам аласы ішінде. Оның ішіне қандай қулық жасырғанын Жаратушыдан басқа ешкім білмейді. Біраз уақытқа дейін жүзі бал-бұл жанып, бақыт лебі сезіліп тұрды. Бірақ, бұл ұзаққа созылмады. Қыз ғұмыры ойламаған жерден тұзаққа түсті. Қарақшылар жолда әдеттегі қылмысын айнытпай қайталады. Әуелі тұмсықтан жұдырықпен ұрып, мойыннан қылқындырды. Өлтіреміз деп қорқытып, 45 мың теңгесін, 385 мың теңге тұратын алтын бұйымдарын тартып алды. Жалынғанына, шыңғырғанына қарамай, өз сөмкесінің бауын мойнына орап, қылғындырып өлтірді. Бұл жолы қарақшылардың еркінсінгендері сонша, тіпті, құрбандықтарын жол бойынан алысырақ, тасалау жерге апарып тастауға да ерінді. Мәйітті көліктен шығарып, жол жиегіне лақтырып тастады да жөнімен кете берді...

Бұрын-соңды мұндай қылмысты қарау тәжірибесінде кездеспеген алқа билер қылмыскерлердің азғындық әрекеттерін қатаң жазалауды сұрады. Осындайда әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген мағынасы терең тәмсілі ойға оралады. Небәрі 21 жасында адам қанын мойнына жүктеп, ауыр қылмысқа барған адам бала кезінде қандай тәрбие көрген болуы мүмкін? Бәлкім, есі кіресілі-шығасылы, өз ісіне жауап бере алмайтындай психологиялық ауытқуы бар шығар? Жоқ, олай да емес екен. Сот-психиатриялық сараптамасының қорытындысына сәйкес, сотталушы жүйке ауруларымен ауырмайды және осы кезге дейін де ауырмаған. Наркомания, алкоголизм дерттері де мазаламайды. Бір сөзбен айтқанда, ешқандай да еріксіз емделуді қажет етпейді. Қылмыс жасаған кезде уақытша психикалық бұзылыстар болмаған, яғни барлығын да мақсатты, саналы түрде іске асырған.

Фархатты түрме де түзете алмапты. Керісінше, қылмысын үдете түскен. 21 жасында ауыр қылмыс жасап, 6 жылға сотталса, темір тордан мерзімінен бұрын шартты түрде босатылғаннан кейінгі қылмысы аса ауыр дәрежеде. Төрт бірдей кінәсіз бойжеткеннің өмірін қиып, туған-туыстарын, отбасы мүшелерін ауыр қайғыға батырды. Мұндай қылмыскер қоғам үшін өте қауіпті. Осыны ескерген алқа билер сотталушыны 15 жылдан аса уақытқа бас бостандығынан айыру жазасын сұрағанымен, судья А.Қарабаев оның бұрын да өтелмеген ауыр қылмысы барын, қоғам үшін өте қауіпті қылмыскер екенін ескере отырып, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 120-бабының 2-бөлігінің «а,б» тармағымен, 179-бабының 2-бөлігінің «а,б» тармақтарымен және 96-бабының 2-бөлігінің «ж,з,н» тармақтарымен кінәлі деп танып, өмір бойына бас бостандығынан айыруға үкім етті. Жазасын «ерекше» режимдегі түзеу колониясында өтеуге кесілді. Мұны лайықты жаза деп бағалауға болады. Түрме бір рет түзете алмаған адамды екінші мәрте ақылды адам етіп шығарады деп айту қиын. Бостандыққа шығар болса, тағы да қауіптің құлпын бұзып, айналасына айдаһарша айбат шегуі әбден мүмкін. Сол себепті, мұндай қылмыскерлердің бұл өмірдегі орны – темір тор. Ал арғы дүниедегі жазасын жалғыз Жаратушының өзі ғана біледі.

Жақынын жоғалту, туысынан мәңгілікке айырылу кімге болса да өте ауыр сынақ. Құдай басқа салмасын дейміз. Марқұмдардың қолды болған дүние-мүлкі, қаражаты олардың мұрагерлеріне қайтарылып, сот арқылы жәбірленушілерге моральдық шығын өндірілу міндеттелді. Бірақ, бұл олардың жақынының орнын толтыра ала ма? Жоқ, әрине! Ешқашан толтыра алмайды.

Ш.МОЛДАБЕК

КӨКЕЙКЕСТІ

САУАТТЫЛЫҚ ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ БОЛА АЛМАЙДЫ

Қазақстан БҰҰ жүйесіндегі есептілік негізінде жасалған өмір сүру ұзақтығы бойынша 2018 жылы жарияланған рейтингте 183 елдің ішінде 105 орында тұрды. 2020 жылы жарияланған жұмыссыздық деңгейі бойынша Оңтүстік Африка (28,2%) бастаған рейтингте 4,6% көрсеткішпен 180 мемлекеттің арасында 102-орында болдық. Ал экономикалық жағынан белсенді халықты жұмыспен қамту көрсеткіші бойынша 65,6 %-дық көрсеткішпен 43-орыннан көріндік. Алайда ересек халықтың сауаттылығы бойынша рейтингте әлемдегі 184 мемлекеттің арасында алғашқы ондықтамыз. Онда АҚШ, Финляндия, Германия, Франция, Жапония, Корея, Швеция, Швейцария, Ұлыбритания секілді дамыған елдердің өзі отыздықтың сыртында қалып қойған. Яғни, халықтың сауаттылығы елдің даму деңгейінің көрсеткіші бола алмайды. Оны элитасының сапа индексі бойынша рейтингте әлемдегі Сингапур, Швейцария, Германия бастаған 32 елдің арасында 19-орыннан көрінуміздің де байқауға болады.

Қазақстан халықтың жалпы, кәсіби және жоғары білім алуынан ешқашан қаржы аяған емес. Үкімет те Орталық Азияда ғана емес, ТМД көлемінде ең алғашқылардың бірі болып қаржылық сауаттылықты арттырудың мемлекеттік бағдарламасын жасап, оған бюджеттен қомақты қаржы жұмсады. Алматыны өңірлік қаржы орталығына айналдыру жоспары секілді, бұл бағдарламаның аяқсыз қалғанын қазір ешкім есіне алғысы келмейді. Үкімет пен Парламент төрінде жасалған шенеуніктердің сансыз есебінің бүгінде игілігін көріп отырғандар өте аз. Есесіне 2018–2022 жылдарға арналған «Цифрлы Қазақстан» деп аталатын жаңа мемлекеттік бағдарламаны қабылдадық. Оның мақсаты: орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау деп жаһанға жария салдық. Бірақ бұл бағдарлама бойынша алға қойылған міндеттердің орындалуы ойдан шықпады. Сөз жүзінде мықты бастама болғанымен, оның жетістігін толық сезіну әзірге уақыт еншісіне қалып отыр. Оған дейін сіз бен біз үш ауысымды мектептен тартып, оқулықтар мен білім беру бағдарламаларының сапасы, жоғары оқу орындарының өз студенттерін жатақханамен қамтамасыз етуі, жас мамандардың біліктілігі мен жұмысқа орналасуына қатысты мәселелермен бас қатыра тұрайық. Реформашыл министрлер мен өзі жасап, өзі қабылдатып, қаржыландырған мемлекеттік бағдарламаның тиімді-тиімсіздігін бағалауда Үкіметтің жауапкершіліктен оп-оңай сытылып кетпеуін талқылайық. Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құру тұжырымдамасын жүзеге асыруға үлес қосайық. Әйтпесе, ісімізден әлі талай жылға дейін сөзіміз озып кете беруі мүмкін.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Сіз не дейсіз?

Жабал АЛШЫНБЕКҰЛЫ, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының директоры:

– Егер еліміз ересек халық арасындағы сауаттылық бойынша әлемде 9-орында болса, бұл балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарындағы бұрынғы білім мен тәрбие беру жүйесінің жемісі деп түсінген жөн. Шынын айту керек, тәуелсіздік жылдары біз әр елге бір еліктеп, білімді де, тәрбиені де өз деңгейінде жүргізе алмадық. Мұның бәрі ұлттық құндылықты танудан және білім мен тәрбиенің оған дұрыс қызмет етпеуінің салдары. Шетелдің тәжірибесін енгізуде озығы мен тозығын толық айыра алмай, алғанымыздың өзін ұлттық ерекшелікке сәйкестендіре білмедік. Сондықтан ол сауаттылықты арттырудың орнына төмендетті. Мойындағымыз келмей жүрсе де, шындық осы.

Цифрлық Қазақстанның өзі алдымен мектеп бағдарламасын соған ыңғайлаудан, бағыттаудан басталу керек еді. Сонда ғана бізде дұрыс өзгеріс болары анық. Себебі, сауаттылықтың негізі балабақша мен мектепте қаланады. Ал ағылшын тілін білу сауаттылық емес. Тіл бірінші өз ұлтына қызмет етеді. Басқа тілді үйрену басқадағы озық нәрсені өзіңе сіңіру үшін қажет. Бізде білімде де, тәрбиеде де ұлттық дәстүр қазіргі заман талабымен сәйкес жасалып жатқан жоқ. Бірден басқаларға еліктеп, бәрін көшіріп әкеп өзімізге қондыра салғымыз келеді. Ол жақсы нәтиже бермейді. Тек еліктеу ғана боп қалады. Сапалық жағынан да өсірмейді. Сауаттылық дегеннің өзі басқаның озық технологиясын білу, оны өзіңе лайықтап енгізу үшін керек қой. Ғалымдарды дайындау кезінде де шетелден жетекші аламыз, шетелден тәжірибе аламыз деп жатырмыз. Ал оның пайдасы қандай, бізге қаншалықты тиімді не тиімсіз дегенді ойлаған ешкім жоқ. Біз қазір тек жалаң цифрға әуес боп кеттік. Оның арты еш жақсылыққа апармайды деп ойлаймын.

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №128 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31